

Журнал 2003 жылғы 28 қаңтардан шыға бастады



Жас өркен Қостанай



1 (92) қаңтар-ақпан 2018 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Хусаин ВАЛИЕВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Диқан ҚАМЗАБЕК
Хусаин ВАЛИЕВ
Алмас ӘБСАДЫҚ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ
8(747) 601-95-14
менеджер-дизайнер
Айтолқын ҚАПАН

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
түзетіледі. Көлемі үш
компьютерлік беттен асқан
материалдар қабылданбайды.

Университет қабырғасында



Жыл басында А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Аграрлық-биологиялық факультетінде белсенді студенттердің қатысуымен ұйымдастырылған іс-шара өткізілді. Іс-шара факультеттің 4 қабатында: Қытай елі, АҚШ, Нью - Йорк қаласымен Өзбекстан елінен құралған тақырыптық 3 межеге бөлінді. Әр топ өз жұмыстарына тиянақты да шығармашылықпен келу арқылы өз ойларын ашық көрсете білді. Межелер қызықты да түрлі-түсті құралдармен безендірілген. Әр тематикалық меже сол елдің безендірілуі, музыкасы мен ұлттық тағамдары арқылы көрсетілді. Қытай елінде: қытай шамдары жарқылдап, қабырғалары сол елдің ұлттық салт-дәстүрлерінен көрініс беретін бұйымдармен көмкерілді, ал ең негізгі дүние – аспан асты елінің бас символы айдаһардың басының жасалуы сол елдің рухын сездірді. Өзбекстан елі өз қонақтарын әсем ән мен студенттердің өз қолдарынан жасаған тәттілерімен қарсы алды. Нью-Йорк қаласы болса әуендер қою арқылы қонақтарға «Данқ аллехсын» сезінуге мүмкіндік берді.

Осы іс-шара барлығына тек қана жағымды эмоцияларды беріп, алдағы оқу кезеңдерін жақсы бағамен аяқтау үшін күш жинауға көмек берді деп айтса болады.

Диана ОСИПОВА,
Аграрлық-биологиялық факультеттің студенті

Қалтқысыз қызмет ететініне кәміл сенейік



Қазіргі заман ақпараттар ағынына тұнып тұр. Әсіресе саясат десе қос құлағын түріп, елендемейтін пенде жоққа тән. Үлкен де, кіші де, бәрі-бәрісі соның төңірегінде үйіріліп жүр. Соның ішінде жеке дербес мемлекеттің өркениет бағытында батыл түрде жүргізіп отырған саясаты кімдерді аландатпасын. Бойларын әбден үйретіп алғаны соншалық, жұрт ел басының жыл сайынғы жолдауына ертемен аландауды игі дәстүрге айналдырған. Жаңа 2018 жылды қуана қарсы алып, екінші аптасына аяқ басқан айтулы сәтте мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауына қатысты мәлімдеме жасауы елеулі оқиға болды. Бұған дейін баспасөзде жарияланып, радиотеледидар арқылы айтылғанындай президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев алдағы уақытта жүзеге асырылуға тиісті он негізгі міндеттерді нақтылап, белгілеп берді. Және әрбіреуінің өзіне тән мән-мағынасын, мазмұнын жұртшылыққа жүйелі әңгіме үлгісінде түсіндірді. Жолдау шын мәнінде жоғары дәрежедегі ойшылдық, терең сараптау, күшті көрегендік тұрғысынан әзірленгені бірден байқалады. Ел басы тәуелсіздік жылдарындағы байсалды сан-алуан бағдарламаларға шолу жасай келіп, жетістіктерді сөз етеді, жоспарларды нақты көрсетеді. Мәселен жаңа технологияларды енгізуге байланысты ойлар бей-жай қалдырмайды. Еңбек өнімділігінің өнеркәсіп саласында өсіп, өрлеуі, сапалық жағына қарай ауысуы аса маңызды екені жан-жақты айтылады. Ресурстық әлеуетті пайдалану тиімділігі егеменді елдің экономикасын дамыта

түсетінін ерекше ескертеді. Басты сала агроөнеркәсіп кешендерін жаңа, замана талабына сай технологиялармен жабдықтауды тапсырады. Құрылыс пен тұрғын үй шаруашылықтарын тұрақты назарда ұстауды көздеу қажет екенін сан мәрте ескертеді. Бұрын да, қазіргі жолдауында да президент бірлік пен ынтымақ аясында ғұмыр кешпей істің еш уақытта алға баспайтынын әңгіме тақырыбына айналдыруы өте орынды.

Жалпы Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” деп аталатын жолдауы барлық жерде маңызды құжатқа айналары сөзсіз. Жолдау материалдарын нанымды жағдайда насихаттап, ел басы көрсеткен негізгі міндеттерді дұрыс түсіну, жан жақты ұғу, парасатты пайымдау, содан кейін бұлжытпай орындауға белсенді ат салысу баршаның міндеті болса керек. Осы заманда ойлау қабілеті төмен тірі пенде некен саяқ. Қазірдің өзінде халық жолдаудағы жобаларды жүрек таразысынан сұрыптап өткізе бастады. Айтылар айшықты лебіз әлі алда. Қолдауға лайық жолдау Тәуелсіз Қазақстанның ертеңі үшін қалтқысыз қызмет ететініне кәміл сенейік.

Нағашыбай МҰҚАТОВ,
ҚР Жазушылар Одағының мүшесі
Қостанай қаласы

Рухани өрлеу



Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын оқи отырып, болашаққа бағдарланған біраз өзгерістермен таныстым. Бұл мақалада келешегі кемел Қазақстанға апаратын нақты жоспарлар, алға қойылған негізгі мақсаттар көрсетілген. Рухани өрлеу, рухани жаңғыру – біздің дамуымыздың ең басты кілті деп есептеймін. Күн санап өзгеріп жатқан бұл дүниеде сана-сезімімізді жасаулап алған, тізесі шыққан ескі қағидалардан арылып, көш басындағы елдермен тереземізді тең ұстап, иығымызды түйістіретін уақыт жетті. Сол себепті өзімізді-өзіміз мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу қажет! Ал бұл жолда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы сәтті қадам болмақ. Жалпы рухани жаңғыру – көптен бері халықтың арасында таразыға түскен мәселе. Ғалымдар да, зиялы қауым өкілдері де әрбір сөзінде, БАҚ-тың баспа беттерінде басқа жерлерде кеңінен талқыланып жүр. Елбасымыз өз сөзінде қазіргі дамыған қоғамда

технологияны меңгеру, үштілділік, әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылу – халқымызға қойылған басты міндет етіп жүктеді. Сондай-ақ осы бағдарламасында «даму-даму» деп рухани жаңғыруды шетке ысырып қойғанымызға тікелей тоқталды. Шын мәнінде, көз ілеспес шапшаңдықпен дамып, жедел өзгеріп отырған мына дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңісті болып қалған таптаурын қағидалардан арылып, рухани жағынан серпіліп, жаңғыруымыз қажет.

Елбасы жаңа тұрпатты жаңғырудың басты шарты – ұлттық кодты сақтау екенін баса айтып, онсыз жаңғыру дегеніміз – құр жаңғырық деді. Расында халқымыз кейбір аласапыран замандарда көп қиындық көрді. Ел болып қалыптасу, тәуелсіздік жолындағы күрес, ашаршылақ сонымен қатар араб әліпбиінен латынға, латыннан кириллицаға көшкенімізді айта кеткен жөн. Жүре-тұра халқымыз білімге ұмтылысының арқасында ешбір халықтан қалыс қалған жоқ. Енді міне еліміз есін жиып, нақты шешім қабылдай алатын дәуірге жеттік. Терезеден телмірмей, өзге елдің озық жетістіктерін бойына сіңіре білетін ел ғана келешекте зор белестерді бағындыра алады. Сондықтан бұл «рухани жаңғыру» Елбасымыздың саясаттағы ең ұтымды қадамы болмақ.

Зауре МУРТАЗИНА,
Б.Момышұлы атындағы №5 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Жүз жаңа есім конкурсының жеңімпазы



«Қазақстандағы жүз жаңа есім»
конкурсының жеңімпазы Аба́тов НҰРҚАСИ.

Медицина саласында шоқтығы биік, пайдасы орасан зор ғылыми жаңалықтар ашқан көрнекті ғалым, ауруына шипа іздеген жандардың құлан – таза айығып кетулеріне өзінің сүбелі үлесін қосып, мыңдаған пациенттерінің алғысына бөленіп жүрген емі шипалы, қолы жеңіл білікті хирург, студенттерге сапалы білім беріп, мол тәжірибесімен бөлісіп, Қарағанды медицина университетінде хирургтер дайындау процесіне қомақты үлес қосып жүрген сөзі дуалы профессор, соңынан ерген магистранттар мен докторанттарды инемен құдық қазғандай қиындығы да көп, қызығы да мол қасиетті ғылым жолына шаршамай баулып жүрген ұлағатты ұстаз, әріптестеріне беделді, адамгершілігі мол қолынан келген көмегін ешкімнен аямайтын өте ақкөңіл жан, Қазақстанның медицина саласының қарыштап дамуына мол еңбек сіңіру арқылы қазақ елінің абырой – беделін асқар таудай биікке көтеріп жүрген ұлтжанды азамат Аба́тов Нұрқасиды «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында өткен «Қазақстандағы жүз жаңа есім» конкурсының жеңімпазы атануымен құттықтаймыз.

«Қабырғасы қатаймаған жас бала есейгенде додалардан жүлделі оралатын өте білімді маман, дарынды ғалым, ұлтының мүдделерін абыройлы қорғайтын, халқының қамын ойлайтын ұлтжанды азамат болып қалыптасуы үшін жасөспірім қыздар мен жігіттерге ата-анасы мен мемлекет тұрғысынан қандай жағдайлар жасалуы тиіс?» - деген маңызды сұрақтың төңірегіндегі ойларымды ортаға салайын.

Бірінші, баласының жүрегіне адамгершілік қасиеттердің дәнін сеуіп, ары мен ұятын әрқашан биік ұстауға, туған жері мен елін жаудан қорғау кезінде батыр бабаларымыз көрсеткен ерліктерден мол үлгі-өнеге алуға, дана бабаларымыздың өсиет сөздерін мүлтіксіз орындауға, ұлттық рухани құндылықтарды ерекше қастерлеуге жас кезінен баулитын саналы ата-ананың өнегелі тәрбиесін көруі тиіс.

Екінші, пайдасы көп сапалы білім берудің және мың өліп, мың тірілген қазақ халқының ұлы тарихынан тағылымы мол үлгі-өнеге көрсетудің арқасында оқушының ойлау қабілеті мен ұлттық санасын керемет дамыту арқылы ақыл -- ойы терең, ұлттық рухы мықты, туған жерін қорғауды, қазақ елін көркейтуді, халқына адал қызмет жасауды басты парызы санайтын ақылды азамат тәрбиелеу қолынан келетін ұстаздар ұжымынан білім нәрінен сусындап, тарыдай болып кірген алтын ұя мектепті өте білімді, денсаулығы мықты, адамгершілігі мол, мінезі көркем, ниеті ақ, пейілі кең, жүрегі мейірімді, сабырлы, қайратты, ұлтжанды азамат болып қалыптасып, үздік бітіріп шығуы тиіс.

Үшінші, тандаған мамандығыңның қыр – сырына жалықпай үйрететін, кәсібін өте терең меңгерген және ерекше сүйетін ғалым-оқытушылар ұжымынан құралған беделді университеттердің бірінде кәсіби білім алу аса маңызды.

Төртінші, жоғары оқу орнын жаңа ғана бітірген жас маман болашақта өзінің саласын озық меңгерген ең таңдаулы мамандардың арасындағы бөйгеде жүлделі орын алуы үшін, бірге қызмет істейтін әріптестерінің сый-құрметіне ие болып, игерген кәсібінің асқар биік шыңына шығу үшін және халқына сіңірген еңбектері елөңіп, дана қариялардан алғыс алып, елінің қошеметіне бөлену үшін ұзақ жылдар бойы тынымсыз еңбек ету – бұл аса маңызды алғышарттардың бірі.

Бесінші, емі шипалы дәрігер деңгейіне көтеріліп, аузы дуалы ғалым атану үшін, демек салмағы батпандай ауыр қос жүкті абыройлы алып жүру үшін өте киелі ғылым жолына жалықпай үйрететін, судың терең түбінде жатқан асыл тастарды іздегендей ғылым атты тұңғық мұхиттың қатпар – қатпар түбінде жатқан ғылыми жаңалықтарды қай жерден іздеп тауып, қалай алып шығуға болатындығын ғылымның тұңғығына шөкіртімен бірге сүңгіп жүріп баулитын дана ғылыми жетекші, әкендей қамқор кісі, ғалым- ұстаз ауадай қажет.

Алтыншы, ғылыми жаңалықтың авторы ғалым болғанымен, оның қызығын көретін, пайдасына жа-


рататын, әділ бағасын беретін туған халқы мен сүйікті елі. Саналы, ұлтжанды дәрігер кәсібінің биік шыңына шығуға ұмтылғанда, аламан бәйгеде озып келуге тырысқанда басты мақсаты сый-құрметке бөлену емес, атақ-даңқ алу емес, керісінше, мамандығын мейлінше жақсы меңгеру арқылы халықтың денсаулығы мықты, өмірі ұзақ болуына өзінің үлесін қосу болуы тиіс.

Жетінші, саналы, білімді, ұлтжанды азамат өзінің ұзақ жылғы еңбегінің жемісін көріп, шынайы бақытты болуы үшін оның атамекен туған жері, ұлттық болмысы мен тектілігін сақтаған туған халқы, экономикасы жақсы дамыған, халқы ауқатты әрі рухани бай егемен елі және халқының қамын ойлайтын көреген басшысы болуы қажет.

«Осындай жетістіктерге сіз ата-ананыз бен мемлекет тұрғысынан жасалған қандай өте қолайлы жағдайлардың және көрсетілген қандай қолдаулардың арқасында жеттіңіз? Бойыңыздағы жақсы қасиеттер мен ерекше қабілеттердің негізін кім және қашан қалады?» - деген сұрақтарға Нұрқаси Төлепбергенұлы былай жауап қайтарды:

-Біріншіден, ата--анасының бойындағы жақсы қасиеттер мен ерекше қабілеттер анасының ақ сүтімен, әкесінің бір тамшы қанымен ұлдары мен қыздарына жиі берілетіні белгілі заңдылық. Әкеміз Төлепберген мен анамыз Забира мектепте ерекше зерек және алғыр оқушы атанып, өте жақсы оқығандарымен, балаларының болашақ тағдырына білімнің тигізер орасан зор пайдасын сол кездегі ата-аналардың әлі түсіне қоймағандығынан болса керек, мектепті толық бітірмеген көкем мен апам 18 – 19 жаста үйленіп, шаңырақ көтеріпті, кәсіби білім алмай, қойшы болып еңбек жолдарын бастап кетіпті. Біраз жылдар өткеннен соң, ауыр қара жұмыстан шаршады ма екен, әлде жоғары кәсіби білім алмағандықтан, бойларындағы ерекше қабілеттердің жарық дүниеге шықпай, пайдасын мүлде көре алмағандықтарына қатты өкінгендіктен шығар, балалары жоғары білімді маман болулары үшін қажет барлық жағдайды жасаған әке-шешеміздің қамқорлығының арқасында бәріміз де институт бітіріп шықтық. Алмас қылыш қаптың түбінде қанша жыл жатса да, сол қапты әйтеуір бір тесіп шығатынындай, менің ғылымда бағындырған асқар таудай биіктерім әкем мен анамның бойындағы жақсы қабілеттердің баласының еңбектері арқылы жарық дүниеге шығуы және ата-анамыздың балаларына берген сапалы білімі мен өнегесі мол тәрбиесінің тікелей жемісі деп бағалаймын.

Екіншіден, жасөспірім баланың өмір сүру ережелері мен рухани құндылықтарының қалыптасуына анасы мен әкесінің айтқан сөздері мен іс-әрекеттері, адамдармен қарым-қатынастары және көрсеткен үлгі-өнегелері мен берген ақыл-кеңестері, өмірге көзқарастары, ата-анасының жан дүниесінің қаншалықты рухани бай екендігі баласына зор әсерін тигізеді ғой. Кемелгер әкесі мен анасының айтқан ақыл-кеңестерінің мұхиттай терең мағынасын баласы толық түсініп, ретімен бұлжытпай орындап жүрсе, онда мұндай өнегелі жастарды, қараңғы түндегі жарық айдай, өмір бойы адастырмауға қасиетті сөздің күш-күдіреті толық жетеді. Сол заманда өмір сүрген Туғанай әжем мен Абат әкем бауырында өскен немересіне кісінің ала жібін аттамай, адал еңбек етудің, байлыққа қызықпай, ұлтының мүддесін абыройлы қорғаудың, халқына



пана, еліңе қамқор болып, дана қариялардың ақ батасын алудың қаншалықты маңызды екенін абыз бабаларымыздың мағынасы терең өсиет сөздерімен және пайдасы орасан зор өнегелі істерімен санамызға сіңіріп, адамгершілік ізгі қасиеттер мен ұлттық рухани құндылықтарды сәби кезімізден жүрегімізге құйған қадірлі әжеміз бен әкемізге және ата-анамызға өмір бойы қарыздармын.

Үшіншіден, өнегелі тәрбие көрсетіп, сапалы орта білімнің негізін қалаған Қостанай облысы, Аманкелді ауданындағы Жасбуын орта мектебінің Оташев Сабыржан ағай бастаған ұстаздар ұжымы болса, білікті дәрігер-хирург ретінде қалыптасуыма Қарағанды медицина институтының ғалымдары мен оқытушыларының еңбегі орасан зор екенін мойындап, құрметті ұстаздарыма алғыс айтамын.

Төртіншіден, сүйіп таңдаған мамандығым хирургияның қыры мен сырын терең меңгеріп, жақсы хирург болып қалыптасуыма көп еңбек сіңірген, ағалық қамқорлығын аямаған пейілі кең азамат, киелі Торғай өңірінің тумасы, білікті хирург, медицина ғылымдарының докторы, Қарағанды облыстық ауруханасының бас дәрігері қызметін абыройлы атқарып жүрген Абеуов Марат Ертайұлы болса, медицина саласында аса маңызды ғылыми жаңалықтар ашуға қабілеті жететін ғалым болып қалыптасуымның негізін қалаған ғылыми жетекшім, медицина ғылымдарының докторы, профессор Лохвицкий Сергей Викторович еді. Мол тәжірибесімен бөлісіп, маған ерекше сенім артып, ғылымға жалықпай баулыған ұстаздарымның сіңірген еңбектерін айрықша атап өту-бұл менің шәкірттік парызым.

Бесіншіден, медицина саласының дамуына менің сіңірген шамалы еңбегім мен ғылымда жеткен аздаған жетістіктерім жоғары бағасын алып жатқаны қазақ халқы сарғая күткен тәуелсіздіктің арқасы және еліміздің жастары сапалы білім алып, ғылыммен алаңсыз айналысуы үшін Қазақстанда жасалып жатқан қолайлы жағдайлар мен көрсетіліп жүрген көптеген көмектердің нәтижесі, егемендік алған 1991 жылы экономикасы тұралап қалған қазақ елін тарих тұрғысынан қарағанда қас-қағым сәт, 26 жылда экономика, саяси, әлеуметтік салаларында және халықаралық аренада мақтауға тұрарлық керемет жетістіктерге жеткізген, ұлтаралық татулық пен өзара сыйластықты ту етіп ұстап, барлық елдермен бейбіт өмір сүруге негізделген саликалы саясат жүргізіп отырған құрметті Елбасымыздың тікелей қамқорлығының арқасы екенін ерекше ризашылық сезіммен атап өткім келеді.

Нұрлыбай АБАТОВ,
ҚМУ профессоры,
физика-математика
ғылымдарының кандидаты.

Шешімін таппаған «шешім»

*«Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің» директоры,
ахметтанушы Райхан Сахыбекқызы Имаханбетпен
болған сұхбат*

- Ахаң үйінің ахуалы қалай болмақ? Ахмет Байтұрсынұлының есімі ресми ақталған 1988 жылдан кейін, тұлға тұрған үш үй анықталып, оның екеуі жаңа құрылыс түсуіне байланысты сүрілгені, ал сақталған үйге қатысты ҚР «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес, 1992 жылы 18 қыркүйекте қала әкімінің шешімі негізінде 1993 жылы 18 ақпанда Космонавтар көшесіне Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілді. Осы жылы 9 қыркүйекте жергілікті билік шешімімен А.Байтұрсынұлы көшесіндегі 60-үйді, яғни ғалым үйін қайта қалпына келтірді. Мұражайға айналған шаңырақ сол уақыттан бері шама-шарқынша көпшілікке қызмет етіп келеді. Арада біраз жыл өтті... Мұражайда қандай жаңалықтар бар? Нендей өзгерістер болып жатыр? Ең бастысы, ұлтымыздың біртуар перзенті Ахмет Байтұрсынұлының тағылым үйі қазақ қоғамына һәм Алаш мұрасына аса қызығушы қауымға «Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі» ретінде танылды. Бүгінгі таңда мұның өзі үлкен олжа! Танымайтындар да жетерлік... ол енді желісі бөлек әңгіме. Жаңалығымыз: Алматы қаласы әкімі Бауыржан Байбектің қолдауымен үш кітап: «Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі (Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы тағылым үйінің қалыптасу тарихы: құрылымы, дамуы, жүйеленуі, зерттелуі)» атты ғылыми жинақ; «Ахмет Байтұрсынұлы» атты тарихи тұлғаның ғұмыржолына арналған фотожинақ; «Бес арыс: Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев» атты анықтамалық көрсеткіш жарық көрді.

- Кітаптардың мазмұнына тоқталсаңыз...

- Фотожинақтың алғысөзіне, яғни аңдатуына халық жазушысы Әбіш Кекілбайдың «Ұлағатты ұстаз» мақаласы берілді. Жазушы мақаласының ғалымға арналған жинақтарда жиі берілуінің себебі, А.Байтұрсынұлының тұлғалық келбеті мен шығармашылық күдіреттілігін шебер талдап, шешендікпен түйіндеуінде. Фотожинақта топтастырыла берілген мұрағаттық және табиғат көріністерінің, жеке және ұжымдық суреттер А.Байтұрсынұлы мұражай қорына тән. Тарихи суреттер мен мұрағаттық деректердің түпнұсқалары ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты мен Орталық музейдің негізгі қоры болып табылады.

- Алматы қаласындағы басқа мұражай-үйлермен салыстырғанда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы үйінің «жетім қыздың күйін кешуіне» оның саналы ғұмырында бес рет түрмеге түсіп, екі рет жер аударылғаны ғана себеп пе?

- «Жетім қыздың күйін кешуін» біржақты қарауға болмайды... Ең өкініштісі, қазақ халқының мүддесіне арымен қызмет етіп, ұлты үшін құрбан болған Ахметтей тұлғаның тұрған үйін «жергілікті маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізіміне ХХ ғасырдың бас кезіндегі тарих және сәулет ескерткіші болып табылатын» (1992 жылғы 18 қыркүйекте қала әкімі № 413 шешімі) нысан екендігін ескеретін жан табылмай тұр. Ғимаратты басқа тарихи тұлғалардың музейлеріндей қаржыландыруға әбден болады. Бұған үкімет тарапынан тек НИЕТ мен БҚЫЛАС керек, Үкімет қаулысы негізінде 1993 жылдың 9 қыркүйегіндегі «Қазақтың халық ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлының мұражай-үйін ұйымдастыру туралы» Алматы қаласы әкімінің №360 шешімінің әлі күнге толыққанды орындалмауының себептеріне жергілікті басқарушы ұйымдар да, Мәдениет министрлігі де жіті назар аударып отырған жоқ.

- Ұлағатты ұлт ұстазының «көзі көріп, қолы тиді-ау» деген көне заттарын жинау қалай жүзеге асты?

- Ахмет Байтұрсынұлының өзі тұтынған деген мүліктерден мұражайда сандық, жезтабақ, жезқұман және қолчемодан бар. Жәдігерлерді жинау, негізінен, 1998 жылдан басталды. Мәселен, сандықты ғалымның 125 жылдығын атап өту шарасы аясында Биби Қабиқызы тапсырғанды (сол тұста кейуана жетпістің үстінде болатын, ендігі ортамызда жоқ шығар). Сандықтың сақталу тарихы туралы БАҚ бетінде жазылған. А.Байтұрсынұлының әуесқой композитор болғандығы көзкөргендердің естелігінде жазылып келді. Өкініштісі, Ахан шығарған әндер әлі күнге «халық әні» деп айтылуда. 2006 жылы аспапты жиеншары Мәруерт сыйға тартқан (туыстығы жағынан Таратсак, Ахметтің қарындасы Зиялаш туған Бөкібайдың қызы). Пианинодан бөлек сырмақ пен қос қыш құмыра берді. Сырмақтағы өрнектер Торғай өңірінің жұртшылығына тән. Бұл сырмақты Зиялаш апамыздан қалған тәбәрік десек те болады.

- Музейге келушілер не айтады? Көңілі тола ма?

- Бұл сауалдың жауабын сол жұртшылықтан жинау керек-ау. Жалпы мұражайға келушілердің көңілін күпті ететін «Музей неге жекеменшік?» деген «жауабы жоқ сауал». Алматыда Ахаңның музейі барына қуанғанымен, оның мемлекеттік емес екенін естігенде «Неге мемлекеттік емес?» деп, жүздеріне реніш табы шарпып шыға келеді... Бұған не дерсіз?!



- Ахаңның өміріне байланысты сирек кездесетін деректер немесе суреттер сақталған ба?

- Сирек қорларды індетте зерттейтін зерделі жандар болса, әлі де Ахмет Байтұрсынұлының өміріне қатысты суреттер де, деректер де табылатынына сенімдімін. Жақында ғана әлі еш жерде жариялана қоймаған ұжымдық суретті көрдім, ортасында жарқырап Ахаң отыр. Бұл фотоға 1928 жылы ашылған Қазақ мемлекеттік университетінде профессор лауазымында дәріс оқыған кезінде түскені анық. Ал, орыстiлдi БАҚ-та жарияланған мақалалары әлі түгел жинақталған жоқ. «Қазақ тілі грамматикасының тарихы» мен «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінің нұсқалығын табу туралы жазылғанына жиырма бес жылдың жүзі болса да, іздеген жан жөне жоқ. Бізде «дайын асқа тік қасықтар» толып жатыр... Ия, «өзі неге іздемейді?» деп отырған боларсыз, менің «қолым қысқа»! Негізгі кәсібім оқытушылықтан кейін атқаратын бар шаруам – Ахаңның тағылым үйінің есігін ашып отыру, іші-сыртын тазалау, экспонаттарды толықтыру, келушілерге қызмет көрсету, мұнан бөлек ғимаратты ұстап тұру үшін төленетін бес түрлі коммуналдық қызмет төлемдерін (жарық, суық-ыстық су, телефон, кәріз құбыры, жылу т.б.) түгендеу... Қысқасы, барлық жұмыс жалғыз менің мойнымда! Тұлғаның «Уголовный кодекс РСФСР», «Мәдениет тарихы», «Қазақ тілінің

теориясы» атты кітаптарының баспаға дайындалып, өндіріске кеткендігі жөнінде деректер болғанымен, бұл еңбектердің де қолжазбаларын табуға әрекеттеніп жүргендерді естімедім.

- Музейді жандандыруға қол ұшын берейін деуші «Атымтай Жомарттар» кездеспеді ме?

- «Атымтай Жомарт» бұл күні ертегіге айналғандай ма... «Бай – байға, сай – сайға» құятын заманға тап болып тұрмыз-ау шамасы. Есесіне, осы жерден пайда көзін тапқысы келетін не бір жылпос жастарды кезіктірдім. «Қатырамыз» деп енгігіп келіп, өз есептері шықпаған соң түрлі желеулерін айтып жоқ болады. Өз басым үкіметтен басқа ешкімге иек артпаймын. Жекешелеп алған туысының өзі жылдар бойы 99 рет уәде беріп, соңыра желкесін де көрсетпей кеткенде, қалғандарынан не жорық сұрайын?!

- Жалпы, ұлы тұлғаларға арналған мәдени-әдеби орындардың мақсаты не? Бағыты қандай?

- Музей-үй Алаш Арыстары: Ахмет Байтұрсынұлы мен оның рухтас замандастарының аяулы есімдері мен ерен ерліктерін мәңгі есте қалдыру мақсатында, «Тұлғалар тағылымына – тағзым» атты бағдарлама аясында көрермендерге қызмет көрсетеді. Мақсаты: ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы мұражай-үйі экспонаттарын бүгінгі ұрпаққа таныстыру, тағзым етер тұлғалардың өнегелі өмір жолдарынан келешек ұрпаққа тәлім беру. Ұрпақ

тәрбиесінде тағылым мектебі деп танылған Ахан үйінің келелі мәселелерін өзекті тақырып етіп, БАҚ беттерінде көтергеніме 15-18 жылдың жүзі болыпты. Енді шешімін табады-ау деп үміт оты шоқтана бастағанда көлденеңдеушілердің шоқпары мықты ма, әйтеуір Ахан үйінің түтіні түзу шықпай-ақ қойды. «Түтіні түзу емес» деген зарымның астарында зор қауіп, санамды жегікүрттай мүжіген сансыз сауал жатыр. Біріншіден, ғасыр басында жетілген жұрттардың тілінің жетегінде адасқан алаштың әліпбиі мен әліппесін түрлеуші ғұлама кім?! Әлбетте, ол – Ахмет Байтұрсынұлы! Дәлел – 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралы: қазақша әліппе» оқулығы; Екіншіден, жұртымыз орыс патшалығына бодан болып тұрғанда «қырғыз» атанған еліне қ а з а қ деген төл атауын қайтарған қоғам қайраткері кім?! Әлбетте, ол – Ахмет Байтұрсынұлы! Дәлел – 1913–1918 жылдары Орынборда жарияланып тұрған «Қазақ газеті»; Үшіншіден, соңыра қазан төңкерісімен келген «Жер жүзінің еңбекшілері бірігіндер!» дейтұғын Лениннің қалың бұқараға беретін теңдігі кезінде ұлтына дербес ел болу үшін шекарасы анықталған автономия әперетін мемлекет қайраткері кім?! Әлбетте, ол – Ахмет Байтұрсынұлы! Дәлел –



12-қыркүйек 1908 жыл




15-тамыз 2016 жыл

Орынбордың 1920–1924 жылдары қазақ елінің рухани ордабасы болуы. Тізе берсең, қазақ ұлты алдында тарихи істері таудай теңдессіз тұлға кім?! Әлбетте, ол – Ахмет Байтұрсынұлы! Осындай туған еліне қалтқысыз қызмет еткен ерен ердің артында қалған, көзіндей болған жалғыз жәдігері – музей-үйін мемлекеттік емес деп айтудың өзі ұят!

– Ахмет Байтұрсынұлының туған күні қаңтарда емес! Бірер күннен соң, яғни 28 қаңтар – Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Бұл дерек қаншалықты рас? Және осы тектес туған жылы мен күні жөнінде де бірнеше нұсқалар бар: 1870, 1872, 1973, 18 немесе 28 қаңтар 5 немесе 18 қыркүйек... Ақиқатын айтайықшы.

– Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы қыркүйектің 5-і күні Қостанай округі Торғай уезі, Тосын болысының 5-ауылына қарасты Сарытүбек елдімекенінде дәулетті отбасында дүниеге келген. Тұлғаның туған мерзімін «5-қыркүйек 1872 жыл» деп, нақтылауымызға негіз болып отырған, ғұламаның 1929 жылы өз қолымен орыс тілінде жазған «Өмірдерегі» (Жизнеописание) және әр жылдары мемлекеттік мекемелердегі ресми сауалнамаларға берген нақты жауаптары. Атап айтсақ, Орынбор Мұғалімдер мектебін бітіргені туралы куәлікте, туған мерзімі «5 қыркүйек 1872» деп көрсетілген, бұл – бірінші дерек. Сондай-ақ, «Анама хат» атты өлеңі де Ахметтің «1872 жылы» дүниеге келгеніне дәлел бола алады. Енді осы айғақтарға тоқталып, талдап таратсақ. Мәселен, Семей түрмесінен анасына жолдаған өлеңіндегі: «...Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам» деген жолдар, әулет басына түскен «1885 жылғы оқиғаны» меңзеп отыр. Мұрағат деректеріне сүйенсек, бұл Ахметтің әкесі Байтұрсын, үлкен әкесі Ақтастың бірнеше ағайын-туғандарымен қоса, «25 жылға итжеккенге жер аударылатын тұсы». Демек, осы «1885-тен» бала Ахметтің «13 жасын» шегерсек, туған жылы – 1872 жыл болып шығады. Бұл – екі. Қазақстан Республикасының



Орталық мемлекеттік мұрағаты, 81-қоры, 1-тізбесі, 1652-ісі, 6-парағында (бұдан әрі – ҚР ОММ) Ресей коммунистік партиясының «Жауапты қызметкерлерге арналған» 20 сұрақтан тұратын сауалнамасының туған жылы деген тұсына: «1872, 49 жас» деп жазған, құжат 1921 жылы толтырылған. Бұл – үш. ҚР ОММ., 5-қор, 18-тізбе, 158-істің, 1-ші парағындағы «Сайлауға түсу сауалнамасы» 1921 жылдың 11-қазанында толтырылған. Сауалнама 29 сұрақтан тұрады, осында жасы деген тұсқа – 49 деп көрсетеді. «1921»-ден «49»-ды шегерсек, «1872 жыл» шығады. Бұл – төрт. 81-қордың 11, 12-парақтарында «Қызметкерлерге арналған» 42 сұрақты сауалнаманың 2-сұрағына: «1872 ж., 5/IX., Торғай тумасы» десе, отбасы туралы 9-сұраққа: «Әйелім: Бадрисафа – 46 жаста, Балаларым: Қазихан – 14 жаста, Аумат – 7 жаста, Шолпан – 5 жаста, ағаларым Қали, Көкіш, інім Мәшен – Торғай уезінен, қарындасым Зиялаш – Қостанай уезінде» деген дерек береді. Сауалнаманы 1923 жылы Орынборда Халық ағарту институтында қызмет істеген тұста толтырған. Бұл – бес. А.Байтұрсынұлының отбасы туралы жазылған мәліметтерге үлкен ден қойғанымыз абзал. Өйткені, жазушы Дүкенбай Досжанов «Абақты» (1992) атты кітабында: «Туған жылы әр түрлі – 1870, 1872, 1873 айтылып жүр, дұрысы: 1873 жылы 28 қаңтарда туған, қалғанын қаперге алмау керек» дейді, сосын, Ахметтің заңды мұрагерлері жайлы да теріс түйін жасайды. Қазақтың нағашы мен жиен арасындағы туыстықтың ара-жігін ажыратып алмай, кіндігінен ұрпақ көрмеген Ахметке қолдан мұрагер жасаудағы мақсаты өзіне ғана аян, қазақтың «аға өлсе, іні – мұра, іні өлсе, аға – мұра» дейтін аталы сөзін қаперге алмауы түсініксіз... Ахметтің үлкен ағасы Қалидан, інісі Мәшеннен туған ер баладан Алматы, Қостанай қаласында тұратын ұрпақтары баршылық, ал ортаншы ағасы Көкіштің ұлдары: Қазихан мен Ауматты Ахмет 1929 жылы «халық жауы» деп ұсталып, түрмеде отырғанда елдегі «шаш ал десе, бас алатын» шалақ белсенділер өлтірткен. Әулеттің қыз балаларынан туған жиендер де жетерлік. Олардың өзіндік орны бар, бірақ жазушының дерегіне еліккен кейбір жиендері қос текті (фамилия) алып, күлкілі жағдайға ұшыраған жағдайды да көрдік... Құжатқа қайта оралсақ, осы қордың 1-парағында «Ағарту ісі жөніндегі халық комиссариатының қызметтік тізім» сауалнамасының «қашан, қайда туған» деген сұрағына: «5 қыркүйек, 1872 жылы, Ақтөбе губерниясы, Торғай уезі, Тосын болысы, 5-ауыл» деп көрсеткен. Құжаттың толтырылған уақыты көрсетілмеген, бірақ, «1924 жылдан қазіргі күні – Халық ағарту комитеті ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесімін» деп жазғанын негізге алсақ, құжат – 1925 жылы толтырылған. Бұл – алты. Аталған қордың 52-парағында «Халыққа білім беру институтының оқытушылары мен қызметкерлеріне» арналған сауалнамада да туған мезгілін: «5 қыркүйек, 1872 жылы» дейді, ресми құжат 1925 жылдың 17-қарашасында рәсімделген. Отбасы мүшелеріне: жұбайы Бадрисафа, балалары Аумат, Шолпанды жазған. Бұл – жеті. 1921–1922 жылдары Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы

Академиялық Орталықтың төрағасы болып қызмет істеген кезінде 1-Қазақ съезі жұмыскерлері сауалнамасының 9 сұрағының «жасы» деген тұсына – 50 дейді. Бұл – сегіз. Академцентрдің тұңғыш төрағасы болған Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалаған тұлға төл туған күніне келгенде жаңсақ жазуы мүмкін деу күпіршілік емес пе?! Ғұламаның 1929 жылы 57 жасында саналы түрде өз өмірін хронологиялық жолмен баяндаған «Өмірдерек» атты ресми іс-қағазындағы: «Менің туған жылым «мешін» (1872)» деп басталатын мәліметін ескермеу ахметтануға жасалған көпкернеу қиянат қой. Бұл – тоғызыншы дерек.

Демек, Ахмет Байтұрсынұлының туған мерзімін өзі толтырған мұрағаттық құжаттар бойынша жазатын уақыт жетті. Халыққа білім берудегі 1-Қазақ жұмысшыларының съезінің сауалнамасы. 1922 жыл.

- Бөленшенің туған күнінде, яки мерейтойлық жылдарында ғана бірен-саран жұрт бас сұғатын мұражай-үйлердің рейтингі шамалы-ақ. «Рахметі жоқ» жұмыс деп ойламайсыз ба?

- Ахмет Байтұрсынұлын «бөленше» деп айтуға әуелі Құдайдан, сонан кейін ұлты үшін шейіт болғандардың қазақ даласын кезіп жүрген «рухынан» қорқу керек. Ал «рейтинг» деген қазақ арасына дандансы кірген «бөтен сөз» Алаш Арыстарының сапасынан «садаға кетсін». «Рахметке» келетін болсам, «Қарғыс алма, алғыс ал» деген аталардың ұрпағымыз ғой, Ахметтей тұлғаның мұрасын құлай сүйіп, тағылым үйінің «шырақшысына» айналғаным үшін қаншама алашшыл жұрттың рахметіне шомылып, үлкендердің батасына бөленіп, алғысын алып жүргенім өзіме ғана аян емес, БАҚ беттерінде бірнеше мақала жарық көргенін көзі қырағы оқырманға айтып жатудың өзі артық... Иә, Қазақстанның киелі хәм қасиетті (сакралды) орындарының 100 тізіміне Ахмет Байтұрсынұлы музейі кіргізілді. Бұл да дәтке қуат, себебі, тарихи орындар қашанда мемлекеттің қамқорлығы мен қадағалауында болатыны анық қой.

- Биылғы жылға қандай жоспарлар бар?

- Жоспар көп, бірақ оны дабырайтпай үнсіз орындаған абзал! Себебі, 2017 жылы Ахан мұражайына келген И.Тасмағамбетовке айтқан бастамамыз, әсіресе «Алаш жолымен: Ахмет Байтұрсынұлы» туралы деректі көркем фильм түсіру туралы жоба, ғалым мұрасына арналған жинақтар шығару жөніндегі ұсыныстар... Әлбетте, Иманғали Нұрғалиұлына қолдау көрсеткені үшін алғысым шексіз! Көңілге қаяу түсіргені жоба мен жоспарды қолды жасаушылардың «көз ілеспес жылдамдығы мен жылпостығы» істі қаншалықты атқарғандығы... шала әрі атүсті жасалған жұмыстың ұятын олардың арына жүктедім. Ең бастысы, санамда орныққан Алаш абызы Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын насихаттаудағы ұлық жобаны іске асырудағы үкілі үмітіме селкеу түспесе деп тілеймін, Тәнірден.

Сұхбаттасқан Маржан ӘБІШ

Рухани жаңғыру – жарқын болашақ кепілі

Ата-бабамыздың арманы егемендік еді, сол егемендік алу жолында етікпен қан кешіп ел қорғап жерін болашақ ұрпаққа аманат етіп тапсырды. Әр ғасырдың өз ағымы, әр заманның өз талабы болады демекші, қазір зер салып қарасақ әлемде жаңа тарихи кезең басталып кетті. Күллі әлем күн санап өзгеруде. Ата бабам бар әлемді жаулаған деп, жабық саясат ұстанған, тарихымен ғана мақтанатын кей мемлекеттер қапы қалуда. Мысалға алсақ Моңғол мемлекеті. Ал бізде бәрі басқаша.

Қазіргі таңда ең көп айтылып жүрген тақырып Елбасымыздың Жолдауы еліміздің ертеңін заман талабына сай қалыптастыру мақсатын көздейді. Мұның өзі мемлекетіміздің болашаққа деген қадамдарын аңғартады.

550 жылдан астам тарихы бар, найзаға сенген уақытта ешкімге есе бермеген қазақ халқы, қаламға сенген заманда ешкімнен қапы қалмасы айдан анық. Бүгінде күллі әлем танитын Қазақстан Республикасының Президенті Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының халыққа жолдауының мақсаты, дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру. Еліміздің терезесін айбынды мемлекеттермен теңестіру. Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, ол әрдайым өсіп отыру керек. Сәйкесінше Елбасымыздың халыққа үндеуінің бірінші бөлімінде «XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы» білімге аса көп көңіл бөлінген.

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған

жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды.

Иә, елбасымыздың мақсаты білімді, үш тілді жетік меңгерген, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, өйткені білімді жас ұрпақ ертеңінің кепілі! Және де екінші бөлімі «Таяу жылдардағы міндеттер» деп аталады, болашаққа көп мақсаттар қойылған. Соның бірі бүгінде іске асырылып жатыр. Ол мектеп оқушыларын жаңа бағытта оқыту. Интеллектуалды мектептер толығымен, жалпы орта мектептерде бірте бірте қолға алынуда. Жалпы айтқанда «Рухани жаңғыру» тек қана білімді дамыту, үштілді оқыту емес, патриотизмді, тарихымызды, мәдениетімізді дәріптеу ж.т.б

Қорыта айтқанда, заманына сай санамыз қалыптасса, ұлттық мәселе-құлдық санадан толыққанды арылсақ, алпауыт елдермен тереземіз теңессе, дінімізді тілімізді сақтап қалсақ деген елбасымыздың мақсаты, толыққанды «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының мазмұны деп білемін.

Нұрсұлтан БАЙРАХАНОВ,
ҚМУ 1 курс магистранты, 17 жалпы орта мектебінің мұғалімі



«BestProfi» ақпараттық жүйесі

2018 жылдан бастап Л.Н.Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінде кітапхана оқырмандары, қаланың тұрғындары мен қонақтары үшін нормативтік құқықтық сипаттағы сұрақтарға жауап ала алатын «BestProfi» ақпараттық жүйесі іске қосылды.

Қазақстанда шыққан нормативтік құқықтық құжаттарды жинаумен және өңдеумен кәсіби тұрғыда айналысатын бірнеше компания жұмыс істейді. Олардың жүйесінде алғашқы сұратудан-ақ алуға болатын жүз мыңдаған құжаттар сақталады. Бұл сектордағы көшбасшылардың бірі «BestProfi» болып табылады. Жүйенің бөлімдерінде ҚР Заңнамасының 5 000 000 астам құжаттары жинақталған және олар күн сайын толықтырылып отырады.

«BestProfi» ақпараттық жүйесінде кодекстер, заңдар, жарлықтар, қаулылар, заңдардың жобалары және тағы басқа Қазақстанның нормативтік құқықтық базасы жинақталған. Сонымен қатар одан түрлі салалардың (құрылыс, тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және т.б.) жұмысына қатысты стандарттарды, ресми құжаттардың нысандары мен үлгілерін, анықтамалық ақпаратты (ұйымдар, салалар бойынша мекенжайлық анықтамалар, ҚР банкілерінің мекенжайлары және т.б.) табуға болады.

Бұдан басқа бұл жерде он мыңдаған халықаралық маңызды құжаттар жинақталған. «BestProfi» Қазақстанда жұмыс істейтін шетелдік компаниялар да пайдалана алады: мұнда ағылшын тіліне мүмкіндігінше дәл аударылған 5 500 астам қазақстандық нормативтік құқықтық актілер жинақталған. Олардың ішінде банк, қаржы, мұнай мен газ және салық саласына қатысты құжаттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық кодекстері бар.

Компания Қазақстанда 2010 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Оның қызметін жүздеген қазақстандық, соның ішінде ірі және мемлекеттік компаниялар пайдаланады. Олар «BestProfi» ақпараттық жүйесі қызметінің ыңғайлы және жүйелі түрде толықтырылып отыратынын атап көрсетуде.

«BestProfi» толық жаңартылған жаңа жүйесі 2014 жылдан бері жұмыс істейді және ол заңгерлерге, адвокаттарға, бухгалтерлер мен бірінші басшыларға өзекті ақпаратты ұсынып келеді.

Кез келген қажетті құжатты клиентке ыңғайлы түрлі нысанда жүктеп алу мүмкіндігі «BestProfi» ақпараттық жүйесінің артықшылығы болып табылады. Тандап алынған құжатты e-mail арқылы да, құжаттың қажетті тармағына тікелей сілтеме жасау арқылы да бөлісуге болады, өзіңнің жазбаларың мен көпшіліктің түсіндірмелерін де сақтауға болады. Сондай-ақ соңғы 30 күн ішінде қаралған құжаттар тарихын көруге болады, бұл жақында жұмыс істеген, алайда атауын ұмытып қалған құжатты тауып алу үшін өте қолайлы болып табылады. Бұлардан басқа жүйеде нормативтік құқықтық актілердің қай күні күшін жойғанын немесе күшіне енгенін көріп отыруға болатын «Ақылды күнтізбе» қарастырылған.

Мамандар заңдарға енгізілген өзгертулерден хабардар болып отыратындықтан «BestProfi» ақпараттық жүйесі жұмыс уақытын айтарлықтай үнемдейді.

«BestProfi» ақпараттық жүйесі ең алдымен адвокаттар, заңгерлер, компаниялар мен мекемелердің әділет департаменттері үшін пайдалы. Заң факультетінің студенттері үшін «Сот практикасы» бөлімі қызықты болмақ. Бір сөзбен айтқанда, «Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды» дегенді естен шығармау қажет.

Егер Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіне қатысты оқытушылар мен студенттерде, тіпті кез келген оқырманда сұрақтар туындаған болса, Л.Н.Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөліміндегі «BestProfi» толық мәтінді деректер базасына жүгіне алады.



BESTPROFI
ИНФОРМАЦИОННЫЕ СИСТЕМЫ

Гүлжанат ӘМІРХАМЗИН,
Л.Толстой атындағы Қостанай ОӘФК-ның
ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету
бөлімінің деректер базасының бас әкімшісі

Қайталанбас жаңа мүмкіндіктер кешені

Тұтас көп ұлтты мемлекетті бір шаңырақтың астында бейбіт түрде басқару аса үлкен жауапкершілікті, көрегенділікті талап ететін күрделі қызмет. Осы орайда елбасының атқарып отырған әрбір жұмысы жалпы халықтық қолдау тауып, кеменгер көшбасшымыздың даналығына деген сенімімізді жоғарылатуда. Елбасының жыл сайынғы жолдауын асыға күтеміз. Тын жаңалықтармен шешілуі тиіс күрделі мәселелерді тиімді шешу мақсатында жолданатын жыл сайынғы жолдауы бір-бірімен сабақтасып жатыр.


Биылғы Жолдауды «100 нақты қадам», үдемелі индустриялық-инновациялық даму, «Рухани жаңғыру» сияқты ауқымды бағдарламаларда көрсетілген бағыттардың жалғасы деп қарауымыз керек. Әрине, заман өзгерген соң біз де өзгеруіміз керек. Адами капиталды қалыптастыру – ең негізгі межеміз. Адами капитал арқылы жаңа білім мен кәсіпті игеріп, санада да, қоғамда да айтулы өзгерістер жасап, алпауыт елдер санатына қосылуға болады.

Мемлекет басшысының биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа міндеттері» Жолдауында осы міндеттерді одан әрі жалғастыру жо-спарланып отыр. Елбасы осы арада он түрлі міндетті алға қояды. Ол Қазақстанның индустриясын ең жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналдыру, өндірістік үдерістерді цифрландыру арқылы өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін арттыру, ресурстық әлуетті тиімді пайдалану, өндіріске ақпараттық технологиялық шешімдерді батыл енгізу, агроөнеркәсіп кешенін жаңа технологиялық деңгейге көтеру, көлік пен логистикалық инфрақұрылымды одан әрі дамыту міндеттерін қамтиды.

Алдымен атауға тоқталсақ, жаңа мүмкіндіктер кім үшін деген сауал туады. Яғни білім мен ғылымға жақын, еңбеккер, жұмысына жауапты азаматтарға төртінші өнеркәсіптік революция үлкен мүмкіндік береді. Ал керісінше кімге мүмкіндік болмайды? Иә, жалқауға, еріншекке, кәсіби деңгейін өсіруге ынтасы жоқтарға қиындық туғызады. Себебі, өнеркәсіптік төңкеріс көз алдымызда жүріп жатыр. Бұл үдерісте ең алдымен жұмыссыздық пайда болады. Кімдер жұмыссыз қалады? Әлгіндей кәсіби деңгейін өсірмейтін, жаңалыққа жоқ, жаңа технологияны үйренбейтін, оқу мен кәсіпке құлқы жоқ жандарға айтарлықтай тұсау салады. Міне, сондықтан алдымызда мүмкіндіктер мен қиындықтар қатар келе жатыр. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, цифрландыру өнеркәсіп пен кәсіпорындардағы жұмыс орнын азайтады. Бірақ өндірістің көлемі мен сапасы ұлғаяды. Бұл мемлекеттің экономикасы үшін өте пайдалы әрі қажет даму үрдісі болмақ. Өйткені әлем елдері де осы бағытпен келеді.

Бүгінде мемлекет тарапынан жаңа мамандық алу үшін барлық жағдай жасалған. Оқимын, қосымша мамандық аламын десеңіз жергілікті әкімдік арнайы семинарлар мен курстарды тегін өткізеді. Сол арқылы өз өңіріңізге қажетті жаңа мамандық алуға болады. Сондай-ақ кәсіптік-техникалық мектептерде білім тегін беріледі.

Әлбетте, адам өзінің білімін жаңа сатыға көтеруге



әрдайым дайын болуы, оған өзі ынталануы керек. Өйтпесе қазіргі өзгерістерге ілесе алмай қалып қояды. Бұл жұмыссыздықтың пайда болуына соқтырады.

Елбасы өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға, жаңа кәсібін бастаушыларға қолдау көрсету керектігін айтты. Бұл ретте қандай тетіктерді ұсынуға болады? Әрине, кәсіппен айналысушыларға мүмкіндік беру керек. Өйткені, жұмыссыз қалғандардың кейбірі жаңа мамандықты оқығысы келмейді, жеке кәсібін құрғысы келеді. Сондықтан шағын кәсіпкерлікті қолдауға көп көңіл бөлінуі керек. Оларға несие алу, қайта оқу, бизнес модель жасау жағынан көмек көрсетілер болса, уақыт өте аяғынан қаз тұрып, жұмысқа адам алып, кейін оларды өзі үйрететін болады. Осылайша, қоғамда шағын бизнес нысандары көптеп ашыла бастайды. Аймақтарда шағын бизнесті құруға мүмкіндік мол. Айта кету керек, дамыған мемлекеттердің көбіне шағын және орта кәсіпкерлік тән. Әр адам жеке бизнесін ашқан соң күні-түні еңбек етеді. Себебі, отбасын асырайтын қаржысы, серіктесінің алдындағы жауапкершілігі де мойнында болады. Яғни, шағын бизнес бірте-бірте жұмыссыздықты азайтады.

Жолдауда жоғары білім беру жүйесіне қатысты көптеген жаңа міндеттер айқындалып отыр. Мұнда, әсіресе, ақпараттық технологиялар бойынша білім беруді барынша дамыту, жоғары оқу орындарына білім беру бағдарламаларын жасауға көбірек құқық беріп, олардың академиялық еркіндігін заңнамалық тұрғыдан бекіту қажеттігі айтылды.

Елбасының биылғы Жолдауы Қазақстанның үшінші жаңғыруын жаңа белестерге көтерудің нақтылы бағдарламасы болды десек асыра айтқандығымыз емес. Ол біздің жігерімізге жігер қосып, болашаққа деген сенімімізді нығайта түскені сөзсіз. Жолдауды талқылай отырып, өзім секілді жастарды бірлескен күйде жолдауға қолдау көрсетуге шақырамын.

Малика АБДРАХМАНОВА,
ҚМУ-дың АБФ студенті

Жолақы неге қымбаттайды?

Ақпан айынан бастап Қостанайда қоғамдық көлік жолақысы қымбаттауы мүмкін. Жолаушылар тасымалдайтын компаниялардың басшылары тарифті көтеру туралы өтініш білдірген. Бір жыл өтпей тарифтің қайта көтерілуіне не түрткі болып отыр?

– Заң бойынша, жанар-жағармай бағасы мен құрылыс бөлшектері 25% қымбаттаса, тасымалдаушылар жергілікті атқарушы органдарға тариф құнын өсіру туралы өтініш бере алады. Аталған мәселені қарау құзыреті қала мәслихатына тиесілі. Қолданыстағы заңға сәйкес, өтініш бір ай ішінде қаралуы тиіс. Мәслихат мақұлдаса, ақпан айында автобус жолақысы 100 теңгеге дейін қымбаттайды. Бұл – автобус паркттері басшыларының қойған төменгі бағасы, – дейді Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Алексей Тарасов.

Зейнеткерлер үшін жолақы құны 90 теңге, 7 жастан 15 жасқа дейінгілерге 50 теңге болса, 7 жасқа дейінгі балалар, ҰОС ардагерлері мен І және ІІ топтағы мүгедектер бұрынғыдай тегін жүреді.

Бөлім жетекшісінің сөзінше, бұл мәселе былтырдан бері қозғалып келеді. Сондай-ақ, тасымалдаушылар қала сыртына шығатын қоғамдық көліктер тарифін 150 теңгеге дейін қымбаттатуын да ұсынғанын айта кету керек.

Қостанайда жолақы соңғы рет 2017 жылдың наурыз айында көтерілген. Ол кезде де тариф 20 теңгеге қымбаттаған. Ал оған дейін жолақы құны үш жыл өзгермеген еді.

Жолақыны басқа қалалармен салыстырсақ, Петропавлда баға – 80 теңге. Көкшетауда да өткен тамызда 80 теңгеге дейін көтерілді. Павлодар қаласында желтоқсан айында ғана қымбаттады. Қызылордада – 2017 жылдың 1 тамызынан 90 теңге. Астанада да сол баға. Алматыда жолаушылар карточкамен 80, қолма-қол 120 теңге төлейді.

Қостанай қаласының әкімі Базыл Жакыпов: «Алдыма тасымалдаушы компаниялар өкілдері бірнеше рет келгенімен, бағаны бір қалыпта ұстап тұрудың реті болды. Бұл ретте біздің тасымалдаушылар осы уақытқа дейін шыдап келгеніне рахмет», – деп қысқаша пікір білдірді.

Қостанайлық қоғамдық көлік иелері жол ақысы көтерілмей, оң өзгеріс болмайтынын да ашық айтып отыр. Ал жергілікті тұрғындар міндетіне салғырт қарайтын автопарктер мен жолды жарыс алаңына айналдырған жүргізушілерге наразы. Техникалық жағдайын айтпағанда, қоғамдық көліктерде тазалық атымен жоқ дейді олар. Қоғамдық көліктегі мәдениеттің төмендігі, жол ережесінің сақталмайтыны қостанайлықтар үшін қалыпты жағдайға айналып барады. Көп жағдайда қоғамдық көліктер бағдаршамның қызыл түсіне тоқтай қоймайды, жүргізуші телефонмен сөйлеседі, шылым шегеді, жолға таласады. Маршруттың кешігетіні де бар.

Солтүстіктің аясында аялдамада 20-30 минут автобус күту оңай емес екені түсінікті. Қала әкімінің сайты мен қалалық мәслихатқа ең жиі шағым түсетін де осы қоғамдық көлік тақырыбы. 2017 жылы жолаушыларды тасымалдау бойынша қала әкімдігінің тапсырысымен қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы 42 рейд жүргізіп, 35 ескерту-хат жолдаған.

Тұрғындарды да түсінуге болады. Көбісінің табысы орташа, бағаның көтерілуі отбасылық бюджетке айтарлықтай салмақ түсіреді.

– Қазірдің өзінде студенттерге оқу орнына барып келу үшін кемінде 160 теңге кетеді. Бұл бір айға шаққанда 14 мыңға тең. Оның сыртында ішіп-жеріміз, киер киіміміз бар. Сондықтан студенттерге бір жеңілдік қарастырса дұрыс болар еді, – дейді ҚМУ студенті Жанат Шайхығали.

Тасымалдаушы компаниялардың бір жыл өтпей бағаны тағы да 20 теңгеге өсіруінің басты себебі – тайыздалған қазынаны толтыруға талпыныс. Мақсат – қазіргі автопарккі сақтап қана қалмай, жаңа техника сатып алуға мүмкіндікке және жүргізушілер штатын қысқартпауға қол жеткізу. Сондай-ақ, басшылардың айтуынша, қазіргі тариф шығынды толық өтемейтін көрінеді. Жанар-жағармай материалдарын, қосалқы бөлшектерді есептегенде жолақының өзіндік құны 129 теңге болуы керек дейді. Мұны Қостанай қаласының қоғамдық кеңесі, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мамандарынан құралған тәуелсіз сарапшылар тобы мәлімдеді.

– Біз тіпті амортизацияға ақша ұстай алмай отырмыз. Жаңа техника алуға қаражат жоқ. Осының әсерінен, Польша мен Германиядан 10-15 жыл пайдаланылған «Мерседестерді» сатып аламыз. Біздің жолдарда тағы 5-10 жыл жүреді. Қазір бір автобустың құны шамамен 38 млн теңге. Осы бағаны өтеу үшін кем дегенде 10-12 жыл керек, – дейді «Жарық жол» ЖШС (№24, №27 және №104 маршруттары) басшысы Виктор Мушинский.

– Астанада жеңілдік берілгендер мен жаңа техника алуға мемлекеттік бюджеттен субсидия бөлінеді. Біз үлкен шығынға батып отырмыз, ешкім орнын толтырып отырған жоқ, – дейді «Компания STA» ЖШС басшысы Юрий Вильгельм.

Күнделікті жұмысқа баратын және қайтатын уақытта кісі қарасы көбейіп, кез келген қоғамдық көліктің ішінде халықтың бірін-бірі тұншықтырып жіберуге шақ қалатыны да үйреншікті көрініс. Бәрі де межелі орынға уақытында барғысы келетіні түсінікті. Бір жағынан қоғамдық көліктердің автобөлшектерін алудың қымбатқа түсетінін айтып зар илеп отырған қожайындардың да уәжі орынды секілді. Бірақ, бұл олқылықтың орнын толтыру үшін халықтың қалтасына салмақ түсіру қаншалықты әділ болмақ?!

Алмас БАЙДРАХМАН,
ҚМУ-дың журналистика мамандығының
3 курс студенті

Ақылды технологиялар



«Ақылды технологиялар» – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі. Елбасы жолдауының үшінші бағыты дәл осы мақсатқа еліміздің жоғары оқу орындары мен зерттеу орталықтарын жұмылдыруды, сол арқылы әлемдік озық технологияларды қазақстандық шаруалардың қолданысына енгізуді көздейді. Тың идеялар мен ұтқыр ұсыныстарды ортаға салатын әрбір жаңа Жолдау – ең алдымен, егемен еліміздің ертеңгі жарқын болашағына бастар басты бағыт. Биылғы Жолдаудың өзегі Қазақстанның үшінші жаңғыруына негізделгендіктен, қоғамдағы әр салаға аса жауапты тапсырмалар жүктелді. «Біздің көз алдымызда болып жатқан ұлы өзгерістер – әрі тарихи сын-қатер, әрі ұлтқа берілген мүмкіндік» екенін басты назарға алған мемлекет басшысы бұл жолы да халықты толғандырып жүрген түйткілді мәселелерге басымдық беріп, келелі мәселелерге ерекше тоқталды.

Болашақты бағамдаған Жолдаудың төртінші бөлімінде Елбасы «аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек» дей келе Үкіметке ауыл шаруашылығын мейлінше жандандыруға байланысты нақты 6 тапсырма берді. Бірінші – субсидияларды бөлу қағидаларын қайта қарастырып, біртіндеп өнімді сақтандыруға көшу; екінші – бес жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тартуға мүмкіндік беретін жағдай жасау; үшінші – өнімнің өңдеу сапасын жақсартып, тауарларды сақтаудың, тасымалдаудың және өткізудің тиімді жүйесін құру; төртінші – еңбек өнімділігін белсенді түрде арттырып, өндіріс шығындарын төмендету; бесінші – жерді пайдалану тиімділігін арттырып, суармалы егіс алаңын 5 жыл ішінде 40%-ға кеңейтіп, 2 миллион гектарға жеткізу; алтыншы – өндірісте сұранысқа ие аграрлық ғылыми-зерттеулерге салы-натын инвестиция көлемін ұлғайту. Бұл ретте Елбасы ауыл шаруашылығын өртартапандырып, 2021 жылға қарай азық-түлік тауары экспортын 40%-ға көбейтуді

тапсырды. Аталған күрделі мәселелердің барлығы – инновациялық технологияларды енгізу арқылы бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығын өркендететін жаңа аграрлық саясатты дамытудың тетіктері.

Бұл міндеттер «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында іске асырылмақ. Ауыл шаруашылығын дамытудың жаңа бағдарламасында ғылым, білім және өндірістің өзара байланысын арттырып, отандық өндірістің қарқынды дамуына барынша жағдай жасалмақ.

Жолдауда айтылғандай, отандық ауылшаруашылық тауар өндірушілерге нақты қолдау көрсету үшін жаңа қабылданған «Ауыл-шаруашылық кооперативтері туралы» заңына сүйене отырып ұсақ шаруашылықтарды ірілендіріп, кооперацияға біріктіру көзделуде. Бұл ретте ғылым, білім, өндіріс интеграциясын күшейту арқылы ел экономикасын инновациялық бағытта өркендету қадамын жетілдіру басты қағидаға айналууда. Қазақстан халқының 46 пайыздай бөлігі ауылдық жерлерде тұратынын ескерсек, Елбасы Жолдауында айтылған аграрлық саланы барынша бүгінгі заманға бейімдеу барысы, негізінен, қарапайым шаруа адамдарына айтарлықтай қолдау болатыны белгілі.

Аграрлық ғылым мен білім бүгінде ауылшаруашылық өнеркәсібінің тиімді дамуының негізгі шарттары екендігін Президенттің Жолдауы тағы да дәлелдеп отыр. Жаңаша сипаттағы биылғы Жолдау мазмұнын терең сезіне отырып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту, еліміздің кемел келешегін қамтамасыз ету Елбасы саясатының басты бағыты екендігіне тағы да көз жеткіздік.

Малика АБДРАХМАНОВА,
ҚМУ-дың аграрлық-биологиялық
факультетінің студенті

Бізге сұраныс артпақ

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 9 қаңтарындағы халыққа жолдауының негізі кезекті өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері болды. Президентіміз жолдауда жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін Қазақстанда қажетті нәрсенің бәрі бар екендігіне сенімді екенін және нақты міндеттерді шешуге жұмылу керектігін айтқан болатын. Сол міндеттердің бірі - «Ақылды технологиялар» мүмкіндігін агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мақсатында жаппай қолданысқа енгізу. Біздің ойымызша бұл мәселені шешу үшін барлық аграрлық кешен түбегейлі іске көшкені жөн. Осыған орай Елбасы аграрлық университеттердің рөлін қайта қарау керектігін ескертті. Олар диплом беріп қана қоймай, ауыл шаруашылығы кешенінде нақты жұмыс істейтін немесе ғылыммен айналысатын мамандарды дайындауға тиіс деп атап көрсетті.

Осыған орай біздің А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіндегі бірталай атқарылып жатқан жұмыстарды айта аламын. Олар оқудағы қазіргі заманауи білім беру технологиялары: болашақ жұмыс орнына байланысты оқу бағдарламасын әзірлеу, әр өткізілетін зертхана сабақтарындағы қазіргі заманауи жабдықтарды өнімнің сапасы мен экологиялық тазалығын сақтай отырып жүргізуді қолдануымызды; әр өндірісте өткен практикамызды іс жүзінде дәлелдеу үшін есеп беру мақсатында түрлі компьютер бағдарламаларын қолдану және тағы басқа... Сонымен қатар оқудан бөлек бір өзекті де маңызды тақырыптарды шешуді көздей отыра түрлі бизнес-жобаларды әзірлеуді үйреніп, қаламызда өтіп жатқан «Start up»-тарға қатысып, университетіміз беріп жатқан білім арқылы аграрлық мәселелерді шешу жолындағы өзіміздің жасай алатын мүмкіндіктерді танытып келеміз. Сондай-ақ



кәсіпорындар оқыту курстарын қалыптастыруға қатысады, сабақтарды өткізеді. Мысал ретінде қаламыздағы «Агромашхолдинг» АҚ-ін айта кетуге болады. Өнеркәсіп студенттердің оқу барысындағы үздік практикаларының арқасында жұмыспен қамтамасыз етіп отырғандығын ескерсек, жан-жақты байланыс пен зор тәжірибеден өтіп жатырмыз деуге болады..

Ботагөз АМАНЖОЛ.
Аграрлық-биологиялық факультетінің
4 курс студенті



«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ДОКТРИНАСЫ

«Мәңгілік Ел, бұл - Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Біздің Отанымыз бір, ол - Тәуелсіз Қазақстан, біздің еліміз бір - тағдырымыз ортақ. Бейбітшілік пен келісімнің ұлы ісіне адал халықтың ғұмыры мыңжылдықтарға жалғасады» - Н.Ә.Назарбаев.

Бүгінгі күндері елімізде сан алуан этнос өкілдері қазақ халқымен бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесінде негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады.

2014 жылдың аяғында Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы - халықтың, уақыт талабына сәйкес, бірігу

қажеттігін түсінуіне негіз, әрі халықты қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді – соны түсінудің тәсілі және болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні болды деп айтуға негіз толық екендігін тарих дәлелдеп отыр. Ұлт бірлігін қамтамасыз ету - демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарт. Мемлекеттің экономикалық өсуі, әлеуметтік ілгерілеуі, демократиялық дамуы қоғам бірлігі ұйысқан және сақталған жағдайда ғана жүзеге асады.

«Мәңгілік Ел» - ата бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман - әлем елдерімен терезесі тең қатынасты құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді... Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - «Мәңгілік Ел» идеясы. Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Ел боламын десен, бесігіңді түзе» деп өсиет айтқан. Бесік - ұлттық тәрбиенің негізі. Салтымыз мықты болса, халқымызда мықты болмақ. Қасиетті қазақ елінің

рухы халықтың салт-дәстүрінде, наным-сенімінде, әдет-ғұрпында сақталған. Халқымыздың өмір сүруі де осы рухани байлығымыздың күш-қуатына байланысты. Елдің салт-дәстүрі әсіресе, рухани орталықсыз, бағыт-бағдарсыз қалатын болса, онда ол ел өз сипатынан бірте-бірте айырылып, жойылып кетуі де мүмкін. Осы қауіптен сақтану үшін халқымыздың барынша бай рухани қазынасы болып саналатын салт-дәстүрімізді берік ұстау болмақ.

Қазақтың дәстүрлі салты мен әдет-ғұрпы, наным-сенімі қалай болса, солай атүсті орындалмай, оның байыбына терең бойлап, мәні мен мағынасын түйсінуді қажет етеді. Жан-жақтағы күллі қазақты біріктіретін де осы дәстүріміз. Тарих қойнауында көмескілене бастаған кейбір салт-дәстүрлерімізді қайта қалпына келтіру, жаңғырту, насихаттау- бүгінгі күнгі «жүрегі қазақ» деп соғатын әрбір азаматтың ең басты парызы болуы керек. Еліміздің болашағы халықтың өткен өмірі мен басынан кешкен тарихымен астасып жатыр. Өткенге зер салмау жетістіктер мен кемшіліктерді зерделеу болашақтың жарқын болуына көлеңке түсіретіні сөзсіз. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асырудың бір жолы - ұлттық салт-дәстүрімізді сақтап қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру.

Дәстүр - адамзат тіршілігінің басты категорияларының бірі. Дәстүр жоқ жерде ғұрып, ғұрып жоқ жерде тәртіп, мақсат және мүдде болмай-тынын өмір көрсетіп отыр. Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясының астарынан халқымыздың қаншама ғасырлар бойы берік ұстанған салт-дәстүріне шексіз құрметті анық аңғартады. Білім мен тәрбие беру арқылы оқушы бойына ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру, елімізді әлемдегі өскен-өркендеген 30 елдің санатына енгізуді көздейді. Ұлт Көшбасшысының Жолдауына алтын өзек болып тартылған басты мақсат, міне, осы. Сонымен бірге, Елбасы тәуелсіздіктің 26 жылы ішінде атқарылған қыруар іске кеңінен тоқтала келе: «Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық. Әрбір отандастарымыздың жүрегінде еліне деген шексіз мақтаныш сезімін ояттық. Қазақстандықтар ертеңіне, елдің болашағына сеніммен қарайтын болады» деп атап көрсетті.

Ата-бабамыздың ұрпағына мұра еткен бар асылының қаншама ғасырлар бойы көшпейтіндей етіп, артына із қалдыруы көрегенділіктің көрінісі. Адамзат баласының өз тіршілігінде көрген-білгенін, тоқып-түйгенін, қорытып келешек ұрпағына мирас етіп қалдырғаны - табиғи заңдылық. Адам бойында қалыптасқан имандылық қасиеттерді рухани құндылықтарға жатқызуымызға болады. Елбасымыздың Тәуелсіз Қазақстанымызды дамытудың, әрбір Қазақстандықтың, әр отбасының, жастардың және келешек ұрпақтың мүддесін қорғаудың нақты жолдарын ұсынды.

«Мәңгілік Ел - жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы болатын. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің ұлттық идеясы- Мәңгілік Ел!» деп елбасымыз нақты атап өтті. Әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мән-мағынасын ұғындыру, баланың санасына, сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізуді талап етеді.

Қазіргі қоғамда бізге жетіспей жатқаны өзіміздің қазақи өмір сүруімізбен шығыстық дүние танымның өзегі - адамшылдық. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің ұлағатты сөздерінен, іс қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен-жүрекке беріліп отырған. Егеменді ел жастарының сансына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің маңызы зор.

Қазақстан Республикасының баянды тәуелсіз ел болуы үшін ұлттық құндылықтар, тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып, адми құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген таза елжанды азаматтар қажет. Қазақ елі үшін бар білімі мен қабілетін сарып ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халқының салт-дәстүрін, тарихын, дінін, мәдениетін құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу.

Келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға, яғни, біздерге тікелей байланысты. Осы Жолдауда айтылған әрбір сөз жадымызда жатталып қалуы тиіс. Өйткені, «Қазақстан-2050» Стратегиясы болашақ ұрпаққа арналған бағыт-бағдар. Елдің болашағы ол - біз, жастар. Болашақ бүгіннен басталатынын ескерсек, осы Стратегияны іске асырып, Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына қосып, «Мәңгілік Елдің» ертеңі үшін аянбай еңбек ету - біздің абыройлы міндетіміз.

Алысты көздейтін сұңғылы саясат иесі Нұрсұлтан Әбішұлы мемлекеттің міндеті - тер төгіп, еселі еңбек етемін деген адамға кешенді жағдай жасау, ғылымды дамыту, индустрияны өркендету, қазақ тілінің мәселесі, денсаулық саласы туралы, 2016 жылы елде қазақстандық қоғамның негізгі құндылықтарын негіздейтін жана құжат - «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі жасалынды, Қазақстанда мәдениетті саясаттың тұжырымдамасы қабылданды.

«Мәңгілік Ел» сөзі аспаннан түсе қалған жоқ. Ол біздің тамыры тереңде жатқан түп тарихымыздан алынды. Оны дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл - әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Бір кездерде дүркіретіп билік құрған Көктүріктер империясы ту еткен, Тоныкөк негізін қалаған, ұлы Шыңғыс хан империясының атына айналған «Мәңгі Ел» құндылығы бүгін, міне, осылайша Қазақстан мемлекетінің түп қазығы - ұлттық идеясына айналды. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады.

Ассамблеяның қазіргі таңға дейін қандай іс-шаралар болсын олардың мақсаты біреу - еліміздегі бірлікті сақтауға, ұлыстар арасындағы ынтымақты нығайтуға, әр этностың өз мәдениетін, ерекшеліктерін сақтап, әрі қарай дамыта отырып, Қазақстан деген елге ортақ құндылықтар мен қағидаттар негізінде ұлт бірлігіне жету.

Ж.А. ШАУКЕНОВ,
философия кафедрасының доценті
тарих ғылымдарының кандидаты



баласы өз сөзін қағаз арқылы жеткізіп келеді. Ұлт әдебиеті, ұлттық публицистика пайда болды. Тамаша ғылыми жұмыстар жарық көрді, алайда, олардың ешқайсысы ауызекі айтылған сөздің, ауызша тілдің қасиеттерін жеткізе алмады. Адамдар қай кезде де шешендерді, лекторларды, әңгімешіл кісілерді жоғары бағалайды. Ұлы жазбаша жанрлар пайда болды, бірақ, ауызша тіл өзінің маңызын осы уақытқа дейін жойған жоқ» («Жазылған сөз бен айтылған сөз»), – деп жазды. Қазіргі кезде әдебиетіміз жазбаша дамып жатса да, ауызша айтылған немесе әлі қағазға түспеген әңгімелер баршылық.

Қазіргі уақытта жазу мәдениеті қаншалықты дамыса да, ауызекі тараған сөздер аз да болса кездеседі. Оған мысал ретінде қазақ халқының данқты ұлдарының бірі Бауыржан Момышұлының т.б. қайраткерлердің айтқан сөздерін келтіруге болады.

Қазақ халқына есімі кең тараған тұлғалардың бірі мемлекет және қоғам қайраткері Сағалбай Жанбаев. Кезінде СССР Жоғарғы Советінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болған, одақтық дәрежедегі зейнеткер атанған, еліне елеулі еңбек еткен ел ағасы туралы көп айтылды да, жазылды да.

Сағалбай Жанбаев көзі тірісінде-ақ әр жерде айтқан сөзі аңызға айналған, тауып айтқан сөздері ел жадын-

Ел іші – өнер кеніші

Қостанай өңірінде осы уақытқа дейін хатқа түсіп үлгермеген сөз асылдары көп. Кейінгі жылдары біз осы бағытта біраз ізденіс жасадық. Шынында да «ел іші- өнер кеніші» екен.

Айтушы мен жазушының сөзінің түбірі бір болғанымен, бір бірінен ерекшеленіп тұрады. Орыс ғалымы И. Андронников: «Бір кездерде әдебиет тек ауызша болды. Содан соң баспа станогын ойлап шығарды да, міне, бес жүз жылдай уақыттың ішінде адам

да сақталған тұлғалардың бірі. Қостанай облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарған Сағалбай Жанбаев облыстық партия комитетінің кезекті бюросында облыстық газет қызметкерлерінен түскен шағымды қарайды. Оқиғаның анық-қанығына жету мақсатында әуелі редакторды, іле-шала оның орынбасарын тұрғызса, екеуі кезек-кезек бірін бірі жамандайды. Бюро мүшелері шеттерінен орыс. Сәкең

болса орыс тіліне шорқақ екен.

«Біреуге ор қазба, ор қазсаң, терең қазба» деген қазақтың қанатты сөзін аударғысы келген Сәкең столды жұдырығымен қойып қалып: «Кончайте базар. Ложите сюда партбилет. Кому яму копайт, туда саму по-пайт» – деген ғой. Отырғандардың барлығы жым болған. Күлгісі келгендер күле алмаған. Жылағысы келгендер жылай алмаған. Міне, қарапайым қазақ азаматы орыстарды осылай мойындатқан. Басшыларымызда көбінесе осындай қасиеттер жетіспей жатады.

Енді бірде Сағалбай Жанбаев ол тұста «зона рискованного земледелия» деп аталған жері көп аудандардың бірінің шаруашылығына барады. Шаруашылық басшысы егін егілген төбелерді көрсетсе керек. Сонда Сәкең басындағы қалпағын шешіп тастап, жалтыраған басын шұқып тұрып: «айтшы, мына басқа шаш шыға ма?» – деп сұрайды. Күмілжіп қалған басшыға Сәкең: «бұл басқа шаш шықпаса, мына төбеге де ешуақытта егін шықпайды» – депті.

Сағалбай Жанбаев Мәскеудегі Жоғарғы партия мектебінде білімін жетілдіреді. Бірақ, кезекті сынақтардың бірінде құлап қалады. Басшыларға құлаққағыс қылса, олар құлақ аса қоймайды. Амалы таусылған Жанбаев оқу орнындағы басшының қабылдау бөлмесінен бір жерге телефон шалады. Оның айтқан сөздерін маңайындағылар естіп тұрса керек.

«Товариш Маленков, Вам звонит Жанбаев, секретарь обкома партии из Костанайской области Казахстана. Я не понимаю одного, мясо надо, Жанбаев надо, хлеб надо, Жанбаев надо, шерсть надо, Жанбаев надо, учится надо, Жанбаев не надо, что ли?» – депті. Жанбаев шынымен Маленковпен сөйлесті ме, әлде, сөйлескен кейіп танытты ма, оны бір өзі біледі. Бұл сөзді естіп отырған партия мектебі басшылары Сәкеңді қайта шақыртып алып, емтиханнан аман-есен өткізіп жіберген екен.

Сол оқуда жүрген кезінде орналасқан қонақүйге келсе, өзінің тұратын қабатын білгенімен, қай бөлмеге орналасқанын ұмытып қалыпты, ал ғимараттағы есіктердің бәрі бірінен бірі айнымайды. Не қыларын білмеген Сәкең ақыры айла тауып, барлық есікті ашып, ішіндегілерден «Жанбаев здесь живет?» – деп сұрай береді.

Ақыры өзі орналасқан бөлмеге жетіп, жаңағы сұрағын қайталаса, бірге жатқан орыс жігіті: «Вы что, Сәке, сами себя ищете?» – деп таң қалыпты. Жанбаев болса айылын да жимай: «А я хотел проверить, ты Жанбаева знаешь, или нет» – дейтін көрінеді.

Ел аузындағы тағы бір әңгімеде, Жоғарғы партия мектебін бітіріп шыққаннан кейін

Сағалбай ағамызды Кентау қалалық партия комитетіне екінші хатшы қылып жіберетін болыпты. Орталық Комитеттің өкілі мектеп түлектерінің қайда баратынын оқып шыққаннан кейін «енді кімде сұрақ бар?» – дейді. Сонда Сәкең қолын көтеріп: «Менде сұрақ бар!» – десе керек.

«Құрметті Орталық Комитеттің өкілі, – дейді Жанбаев, қалалық партия комитетіне жібереміз деп отырғаныңыз қай Жанбаев? Жоғарғы партия мектебіне Маленков жолдастың өзі арнайы оқуға жіберген және оған дейін Ақмола облыстық партия комитетінде бірінші хатшы болып қызмет атқарған Жанбаев па, әлде басқа біреу ме?» Өкіл сасқалақтап: «бұл мәселенің анық-қанығын анықтау керек» – депті. Жанбаев болса осы әңгімеден кейін Жамбыл облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына ұсынылады.

Енді бірде Жанбаев ел аралап жүріп бір колхозға келсе, ауылдан біраз жердегі қырманға жаяу-жалпы кетіп бара жатқан қыз-келіншектерді көреді. Жанында отырған колхоз председателінен «олар неге жаяу жүр?» – деп сұраса, «көлік жетіспейді, олар жаяу жүріп үйренген, ештеңе етпейді» – деген жауап алады.

Біраздан кейін Жанбаев мінген көлікті тоқтатып, председателге ат шалдырып алайық дейді. Ол сыртқа шығысымен шопырына жүре бер деп ым қағады. Терезені ашып, колхоз бастығына қараса ол байғұс асып-сасып: «Сәке, ауылға мен қалай жетемін? Әлі он километр бар» – десе керек. Сәкең аспай-саспай: «Ештеңе етпейді. Әйелдер де сондай қашықтықты жаяу жүріп жүр ғой. Сен әйелдерден кем емес шығарсың» – деп жүріп кетеді.

Енді бірде Сағалбай Жанбаевтың атына сол кездегі Таран аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарып жүрген Д.И.Берлин деген кісінің үстінен арыз түседі. Сәкең ауданға барып, айтылған жайдың анық-қанығына көз жеткізгеннен кейін хатшымен тілдеседі. Ол өзінше ақталып жатса керек, сонда Сәкең: «Слушай, как твоя фамилия?» – деп сұрайды. «Вы же знаете, Сәке!» – дейді ол. «Я у тебя спрашиваю, как твоя фамилия?» – деп тағы қайталайды. «Берлин» деген жауапты естіген соң, «А ты знаешь, как наши взяли Берлин. Если не можешь найти общий язык с народом, мы тебя тоже возьмем как Берлин» – депті. Сонымен әңгіме біткен.

Тағы бірде Сағалбай Жанбаев астық жинауға көмекке келген әскерилердің басшысы болған армия генералымен келісе алмай қалады. Сонда Сәкең: «Сіз өзі әскерлерді кім киіндіретінін, кім тойындыратынын білесіз бе? Ауыл адамдары. Сіз армияның генералы болсаңыз, мен партияның генералымын. Сөзге көнбесең,

партбилетінді столға қой!» – дейді. Сүйтіп, генералды да орнына қояды.

Сағалбай ағамыз басшы болып тұрған кезінде газет журналистеріне жақсы қолдау жасаған. Және газетті өз мақсатына тиімді пайдалана білген. Көзкөргендердің айтуына қарағанда ол газет басшыларына арнайы тапсырыс беріп, шаруашылығы артта қалған колхоз немесе кәсіпорынды сынадады екен. Газет бетіне мақала шыға сала араға бір-екі күн салып бюро мәжілісін өткізеді. Онда сыналған басшыларды орнынан тұрғызып, «газетте жазылған кемшіліктер рас па?» – деп сұрап алып, оларға қатаң шара қолданады. Кейбіреуіне сөгіс береді, кейбіреуін қызметінен босатады. Іле-шала газет бетінде «Сынап едік, қорытындысы қандай?» деген айдармен жауап жарық көреді. Сүйтіп, ол екі жеп, биге шығып, іске бөгет болғандарды жазалап, газеттің де мерейін көтеріп, беделін асырып отырған.

Ел ішінде тапқыр сөздері жұртқа жайылған кісілердің ауызекі әңгімелері де жиі ұшырасады. Ахметбек Өміртаев деген азамат Қостанай облыстық радиосында қызмет істеді. Жаңалықтарды орыс тілінен қазақшаға аударғанда алдына жан салмайтын. Марқұм, жер барып хабар бермесін, ащы суды жақсы көретін. Қызып жүрген күндерінің бірінде мынандай бір шумақты табан астында суырып салып айтқаны жұрт жадында қалыпты:

Сұрасаң, менің атым Ахметбек,
Басымда болушы елі ақыл ептеп.
Сендерден, о, достарым, бір тілегім,
Өлгенде көмерсіңдер ақиреттеп.

Сол Ахаң радиода бастық болып отырған Поляков деген орысты Далабай, тілші болып қызмет атқаратын Морковцев деген орысты Сәбізбай дейді екен. Қазір тірі болса, ол, сөз жоқ, Путинді Жолдыбай, Медведевті Аюбай деп айтар еді.

Мұндай аузекі әңгімелердің кейбірінде оны кім айтқаны нақты айтылса, яғни, авторы болса, кейбір әңгімелерде айтушының аты-жөні айтылмайды, тек не мамандығы, не мекені ғана сөз болады.

Соғыс жылдарында қазақтың бір кемпірі ұршық иіріп отырып, ыңылдап өлең айтады екен. Оның сөзіне құлақ тосқан жергілікті милиционер жігіт:

«Домбырам басы дың-дың-ау,
Немістер өлсін мың-мың-ау.
Орыстар өлсін бес-алтау,

Қазақтар қалсын аман-сау!» – деп отырғанын естіп қалып:

«Әже, не айтып отырсыз? Немістің қырылғаны дұрыс, орыс өзіміздің досымыз емес пе?» – дейді.

Сонда кемпір: «Шырағым, құлағыңның қақасы бар ма еді? Орыстар өлсін деп жатқан жоқпын, болсын деп жатырмын. Орыстар болсын, қазақтар қалсын деген

ұйқасынан да көрініп тұрған жоқ па?» – дейді.

– Орыстар болсын бес-алтау дегенді қалай түсінеміз? – деп милиция да бой бермейді.

– Е, сол орыстың қатыны да қазақтар секілді бес-алты бала тапсын деп жатқаным ғой, – деп кемпір құтылып кетіпті.

Бір шаруашылықтың директоры орыс тілін жете білмейді екен. Ал жүргізушісі қазақ тілін шала-шарпы түсінетін болса керек. Көлік тоқтаған жерде машинадан түскен бастық орыс шопырына: «не шевелись!» – дейтін көрінеді. «Осы тұрған орныңнан қозғалма!» – дегені ғой. Әуелі айтылған сөздің мағынасын ұқпаса да, бірнеше қайталаған соң құлағына әбден сіңісті болып кеткен сөзді шопыр да жылдам ұғып, бұйрық келмей, орнынан қозғалмайтын болыпты.

Бір бастықтың орыс шопыры көлігінің моторы сыр бере қалса, «опять тарахтит!» деген сөзді жиі айтса керек. Бастығының руы тарақты екен. Шопырдың әлгі сөзінен әбден запы болған бастық: «Слушай, дорогой! Орыста тарахтиттан басқа сөз құрып қалып па? Барахтит, шумит, гудит деп айтуға болсай ма? Тарахтит деген қазаққа жаман сөз. Бұдан былай бұлай сөйлегеніңді естімейтін болайын!» – деп кейіпті.

Тағы бір шопырға бастығы біресе олай жүр, біресе бұлай жүр деп қайта-қайта ақыл айта берсе керек. Сонда шыдамы таусылған шопыр: «Болды, бәсеке! Енді тыныш отырыңыз. Баратын жеріңізге аман-есен апаруға мен жауаптымын. Кабинетте сіз бастық, кабинада біз бастық», – депті.

Облыста басқарма бастығы болып жүрген бір азамат құрдасымен бірге қонақта болып, үйге қайтар уақытта қызыңқырап қалып, аяқ киімін тез кие алмай, әуреге түсіпті. Бұл қылығына күле қараған құрдасына: «Неге ыржыңдайсың? Одан да еңкейіп, аяқ киіміңді кигізіп жібер» – дейді.

Құрдасы табан астында жауап қайтарып: «Министр болсаң да, кигізетін жайым жоқ!» – десе керек.

Көп ұзамай әлгі азамат шынында да министр болады. Оған тағы жолыққан құрдасы: «Мен аяқ киіміңді сол кезде кигізбегенім үлкен абырой болған. Әйтпесе министр бола алмай қалатын едің», – депті.

Ел ішінде ел есінде сақталған қызықты әңгімелер көп. Құйма құлақтан естіген әңгімелердің біразын мен де қағаз бетіне түсірдім.

Ақылбек ШАЯХМЕТ

Қымбат ДОСЖАНОВА

1990 жылы 10 Қостанай облысы Аманкелді ауданы Үрпек ауылында туған. 2008-2012 жж Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде оқыды.

2011 жылдан бастап облыс, республика деңгейінде өткізілген түрлі әдебиет байқауларына қатысып жүлделі орындардан көрініп келеді. Шығармалары баспасөз беттерінде, танымал сайттарда жарық көреді. Қазіргі уақытта облыстық "Қостанай таңы" газетінде қызмет атқаруда.



ӘЖЕ

Әжем мені «құлдығым», «айналып кетейін, ботақаным» дейді. Қашан барсам да алдымнан шығып, маңдайымнан сүйеді. Әжемнің осынау мейірімін ақтай алар ма екенмін...

Демалысқа шыға салысымен әжемнің үйіне тартып кеттім. Ол кісі кенже ұлының қолында, Астана маңындағы шағын ауылда тұрады. Ауыл елордаға тиіп тұр демесеңіз жайнап тұрған түгі жоқ. Біздегі көп елді-мекеннің бірі. Үйге келіп тұрған суы мен газы жоқ. Қалаға жақын деген аты ғана. Жә, ауылды қойшы, әжемді айтсаңызшы. Немересі келеді дегенді ести сала әбігерге түсіпті. Балаларын екі аяқтан тік тұрғызып дайындықты бастаған. Мен ұнататын балқаймақ пен жентті әзірлеп қойыпты.

Әжемнің есімі - Мақтагүл Құжатта солай жазылған. Бірақ біздер Мақтан әже дейміз. Жасы жетпістің үшеуінен асқан. Ол кісінің әңгімесін естісеңіз таңдай қағасыз. Мақалдап, мәтелдеп сөйлегенде кітап оқығандай боласыз. Өнді де тамаша айтады. Ауылдағы әжелер отырысын жайнатып жібереді ғой. Міне, бұл менің Мақтан әжем. Ең гажабы көзі көрмесе де бізді дауысымыздан таниды.

Әжемнің жанары солгалы қашан... Мен ес білгелі ол айналасын көрмейді. Қара түнекте өмір сүріп келе жатқанына 15 жылдан асыпты. Әжемнің не үшін көрмей қалғанын, уақытында неге емделмегенін білмеймін. Сұраған да емеспін, білуге құмартпадым да. Себебі ескі жараның орнын тырнағым келмейді.

- Әже, сіз менің түрімді білесіз бе? - деп сұрағанымда.

- Құлдығым-ау, әрине білемін. Төрт жасқа толған шағыңды көрдім ғой,-деп жауап бергені бар.

Иә, әжем менің түр-келбетімді біледі, дауысымды да таниды. Бірақ, қазір есейдім ғой...

Кешкі астан соң төргі бөлмеге қаз-қатар тізілген төсек салынды. Жоғары жақта әжем, одан кейін мен, ары қарай кете береді. Мен қыдырып барған сайын әжемнің қойнына жата-



мын. Бала күнімнен қалған әдет қой.

Бөлме ішінде өлі тыныштық орнады. Балалардың пысылдап демалған дыбыстары естіледі. Әжем ояу жатыр ма екен, әңгімеге тартсам қалай болады? Ол кісінің ұйқысы сергек еді ғой. Кейде таңға дейін көз ілмей елегізіп жататынын өзі айтқан. Адамның жасы келген сайын ұйқысы да азаяды дейді ғой.

Менің әжем алтын кісі. Осы уақытқа дейін отыз күн оразасын бұзбаған адам. Бір кесе сумен аузын ашатын. Сондай сәттері үйдегі кішілер жинала қалып, әжемнің ұрттаған кесесінен су ішетінбіз. Бір кесе қара суды таласа-тармаса ұрттаймыз. Сол кезде алақандай кеседегі судың дәмі өзгеше, тым тәтті болып көрінетін.

- Әже, әже, ояу жатырсыз ба?

- Әже...

- Құлдығым-ау, не болды? Ұйықтамадың ба?

- Әже, әңгіме айтыңызшы.

- Не айтайын. Өзің де ақыл тоқтаттар жасқа келдің. Студентсің. Оқуыңды жақсы оқы. Ақылыңа, біліміңе, жүрегіңе сен. Басқа ешкімнің жаны ашымайды. Қазір заман басқа, заң басқа. Адамдар да өзгерген. Әркім өзінің қарақан басының қамын ойлайды. Ішсем, жесем деген пендешілік ой адамгершіліктен озық тұр ғой.

Соңғы уақыттары әжем осы ойды жиі қайталайтын болыпты. Тіпті жаттап алуға айналдым.

...Әжем неге загип болып қалды екен? Неге уақытылы емделмеді? Бәлкім, өзі айтатын қатыгез заман, қатал адамдарды көргісі келмеген шығар...

Әлмұхаммед Оспанұлының шығармашылығы

**Батырлан САҒЫНТАЕВ,
Арқалық қаласындағы дала өлкесі тарихы
облыстық
мұражайының ғылыми қызметкері**

Еліміз тәуеліздік алғаннан кейінгі кезеңдерде халқымыздың әдебиет тарихы қайта қарастырылып, зерделеніп жатыр. Кеңестік уақытта шетқақпай болып, тиым салынған ұлтымыздың арыстарының еңбектері көптеп жарыққа шығарыла бастады. Әсіресе Алашордаға қатысты көп дүниелер жаңаша көзқараспен бағаланды. Шығармалары тәуелсіздік алғаннан кейін жарыққа шыға бастаған ақындардың бірі Торғай өңіріне белгілі дінбасы – Әлмұхаммед Оспанұлы.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта ақын шығармашылығы елге таныла бастады. Арқалық қаласындағы мешітке Әлмұхаммед Оспанұлының есімі берілді. Белгілі ғалым Ә.Дербісәлінің «Ислам жауһарлары мен жәдігерлері», «Қазақстан мешіттері мен медреселері» атты академиялық еңбектерінде, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты әзірлеген «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» 2-ші томында [Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы, Алматы: 2009. Т.2 – 100-102 бб.] ақынның өмірбаяны мен шығармашылығы туралы деректер келтірілген. Сонымен қатар А. Ісмақова, А. Қалиев секілді ғалымдардың зерттеулерінде зерделенген ақын шығармашылығы жайында баспа сөз беттерінде М.Сүлеймен, Ж.Бекболатұлы т.б. мақалалары жарық көріп келеді.

Әлмұхаммед Оспанұлы 1886 жылы Торғай уезі, Тосын болысының №4 ауылына қарасты Бестау өңіріндегі «Сасықсор» деген жерде дүниеге келген. 12 жасына дейін ауыл молдасынан сауатын ашқан ол 13 жасында Торғай қаласындағы 4 кластық орыс колөнер мектебіне түсіп «ағаш ұстасы» деген мамандық алып шығады. 17 жасында Торғай қаласындағы 6 жылдық орыс мектебінің 4-ші класына қабылданып, оны 1905 жылы тамамдайды. 1911 – 1916 жылдар аралығында Троицк қаласындағы «Расулия» медресінде білім алған ақын 1923 жылға дейінгі аралықта өз білімін жалғастырып ізденумен болады. 1926 жылы Уфа муфтиінің жарлығымен Торғай уезіне мұхтасиф болып тағайындалып, бұл қызметті 1929 жылға дейін атқарады. 1929 жылы «алашордашыл», «ұлтшыл ұйым мүшесі» деп айыпталып қуғын-сүргінге ұшыраған ақын 1944 жылы ақталып шығады. Содан бастап әртүрлі қызметпен айналысқан Әлмұхаммед Оспанұлы өмірінің соңында туған жерге оралып 1966 жылы өмірден өткен [Торғай ақындарының антологиясы, Арқалық: 2014. – 119 б.].

Оспанұлының артында қалған мұра көлемді. Көптеген өлеңдерін көпшілік қауым бір-бірінен

көшіріп алып сақтаған. Дегенмен бұл салқар мұра әлі де бір қалыпқа келтіріп, жүйеге түсіруді қажет етеді. Ақынның ұрпақтары шығарған «Аманат» және «Өсиет» жинақтарында да Әлекеңнің өлең-жырлары толығымен жарияланған жоқ. Сондықтанда ақын шығармашылығын толық зерттеп, зерделеу Әлмағамбеттанудың өзекті мәселелерінің бірі болып қалып отыр.

Ақын жырларының алғашқы жарық көруі «Айқап» журналында. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің дамуына қомақты үлес қосқан «Айқаптың» Әлмұхаммед шығармашылығына да тигізген септігі мол. Осы журналда жарық көрген «Қазағыма» өлеңінде ақын халыққа өнер-білім қажет екендігін насихаттайды.

**Кел, қазақ, надандықтан қоштасалық,
Қайырылмас қанша айтқанмен кеткен заман...**

**Жастарды жас өспірім, жаңа талап,
Сақталық, бұл адасқан беттен аман.
Үйреніп өнер-білім өрге жүзіп,**

Сау қалсын, саналы жас шеттен аман
[Ө.Оспанұлы. Аманат, Арқалық: 1993. – 13-14 бб.].

Әлмағамбет Оспанұлының бұл ойы Ахметтің: «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді. Оқу ісін түзеуге көп нәрсе керек, оның бізде бұл күнде бірі де жоқ. Ай мен күндей, әмбеге бірдей білім – көп ортасындағы мүлік, онан сыбаға ала алғандар алып жатыр, ала алмағандар құр қалып жатыр. Сол құр қалып отырғанның бірі – біздің қазақ» [Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. – 261 б.] – деп жазғанымен мазмұндас келеді. «Өзіме айтқан тоқтау сөзім» атты өлеңінде:

**Сералин, Байтұрсынов, Дулатовтың,
Жаны ашып, жазған әуел жұмбағын шеш.
Сөйлесек, солардан соң суырылып,
Қалмассын болса өнерің сонда да кеш, –** деп

жырлағанақынның Мұхаммеджан Сералин, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов секілді арыстардың сонынан еріп, Алаш қозғалысына ерте араласқанын байқаймыз. Әлмұхаммедтің демократтық-ағартушылық бағыттағы мұндай ғибратты өлеңдері ақынның білім алып жүрген кезіне, шәкірттік уақытына тән болып келеді.

Ақын қуғын-сүргінге ұшыраған 1930 жылдардан бастап оның өлеңдерінің мазмұны да өзгере бастаған. Жазықсыз жабылған жала, жүрекке түскен шер-шемен ақынның көңіл көмбесінен жыр болып шыққан. Ақынның бұл жылдары жазған «Хош Торғай», «Хоштасу», «Жазушыдан ақырғы сөз» т.б. өлеңдерінен мұңлы сарын байқалады. Дегенмен

**Болығыз болған іске болаттай-ақ,
Бостықты бойға жуық жолатпай-ақ.**

**Қайғы ойлап, қасірет
шегіп, қажымандар,**

**Шіріген шырғай құсап
құлатпай-ақ** – деген акынөлеңдерінен оның өмірге деген оптимистік көзқарасы көрінеді. Мінежат ретінде жазған өлеңдері де Әлмұхаммед шығармашылығының фәлсапалық ұстанымын көрсеткен құнды шығармалар.

Оспанұлының көлемді поэзиялық туындылары да бар. 1938 жылы жазылған «Арақ туралы» шығармасы сол кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ішкілік секілді қоғамдық дертті сынайтын көлемді дидактикалық шығарма. Аллегориялық сипаттағы «Көрген түс – қос балапан» дастаны да өзіндік бітімімен ерекшеленетін туынды.

Әлмұхаммед Оспанұлының өлеңдері екі рет жеке кітап болып басылып шықты. Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланғаны да біршама. Қолжазба қорларында Әлекеннің көптеген өлеңдері сақтаулы тұр (ОФК: Қ-559, №3, ОФК: К-1107, №56, ОФК: Қ-769 т.б.). Дегенмен акын мұрасы әлі толық жинақталып, бір жүйеге түспегендігін атап өткенде ләзім. Мысалы 1947 жылы Қостанай фольклорлық экспедициясы кезінде Мәриям Хакімжанова жинаған материалдардың ішінде Әлекеннің «Мешін-тауық жұттары туралы», «Жұтаған ауылға», «Сараң байларға», «Мырзаларға», «Бай бәйбішесі», «Сырдағы ағайындарға» секілді бұрын-соңды жарық көрмеген өлеңдері бар (ОФК: 769 Әлмағамбет акынның өлеңдері). Сонымен қатар Орталық Ғылыми Кітапхананың қолжазба қорында 559-шы папкада сақтаулы тұрған Мұқанұлы Смағұл тапсырған материалдарда да Әлекеннің бізге беймәлім туындылары болуы керек. Сонымен қатар Файзолла Сатыбалдыұлының «Шерлі жылдар, шерулі жырлар» атты кітабында Файзолла мен Әлмұхаммедтің өлеңмен жазысқан хаттары жарияланды. Бұлар Әлмағамбеттің өз жинағында жоқ дүниелер.

Әлмұхаммед Оспанұлының шығармашылығы қазақ әдебиеті тарихында енді ғана қарастырыла бастаған тақырыптардың бірі. Біз акын шығармашылығынан XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының көрінісін көре аламыз. Акынның қуғын-сүргінде жүріп жазған туындылары да өзіндік құндылыққа ие дүниелер. Оның



шығармашылығында «халық жауы» деген жаппамен қуғынға ұшыраған Алаш арыстарының қалыптастырған әдебиетінің алтын өзегі сақталды. Дегенмен акын шығармашылығы әлі де жинап, жүйеге түсіруді қажет етеді.

Бұған Әлмұхаммед жазған «Қазақ шежіресі» дастанының анағұрлым толық, анағұрлым мәнді нұсқасының әлі де ғылыми айналымға түспей жатқандығы да дәлел. Акынның ұрпақтары шығарған жинақтарға да кірмеген тарихи және танымдық тұрғыдан құнды жырдың бұл нұсқасын алдағы уақытта толығымен зерттеп, зерделеу қазақ әдебиетіне тың табыс болатыны айқын.

Әлеуметтік желі

Әлеуметтік желі бүгінгі күннің дерті ме әлде қажеттілігі ме? Қазір әлеуметтік желілер адамзат әлемін билеп алды деуге болады. Бәріміз күнделікті өмірдің жартысын, кейде одан да көп бөлігін әлеуметтік желілерге арнаумен өткіземіз. Әр жыл сайын бұл желілердің саны көбейіп келе жатыр: Instagram, V kontakte, WhatsApp, You Tube, және т.б. Қазіргі таңда бұл желілерді енді ғана әріп үйреніп жүрген баладан, еңкейген қарттарға дейін қолданатын болды. Тіпті желімен бірге таңын атырып, күннің батырып жүрген азаматтарымыз да бар.

Әлеуметтік желілердің пайда болуы арқылы үлкен мүмкіндіктерге ие болдық. Желіні әр адам өзіне керек мақсатта пайдалана алады. Адамдардың көп бөлігі әлеуметтік желіге бір – бірімен хабар алмасу, соңғы жаңалықтарды білу, жұлдыздардың өмірін қызықтау мақсаттарында пайдаланып жүр.

Әрине бұл желілердің пайдасымен қоса зиянды жақтары да жоқ емес. Қазіргі таңда кейбір жастар мен ересек адамдар осы желілердің әсерінен небір ессіз қылықтарға баруда. Мысалы, өмірге қауіпті селфилер, ашық-шашық киіну, суицид жасау сияқты жағымсыз жайттарды айтуға болады.

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика

және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің мәліметінше суицидті насихаттайтын «Синий кит» ойынынан 2017 жылдың ішінде кәмелет жасына толмаған балалар арасында жасалған 20 суицид оқиғасы тіркелген. Бұл 2016 жылмен салыстырғанда 42%-ға көп. Сондай-ақ күні бойы желіде отырған жасөспірім адамдармен шынайы араласудан қалып ғаламторға тәуелді болуы, денсаулығының нашарлауы, жас буынның сөзге шорқақ болуы сияқты белгілерінің пайда болуы адамдардың желілерді шамадан тыс көп қолдануынан болуы керек.

Бұл тек әлеуметтік желіні босқа уақыт өткізіп, пайдаланып жатыр деген сөз емес. Сондай-ақ желіні дұрыс мақсатта қолданып жүргендер де аз емес. Ендеше сізде әлеуметтік желіге кірер алдында қандай мақсатпен кіріп жатқаныңызды ойланыңыз. Олай болса осы сәттен бастап уақытыңызды виртуалды өмірдің пайдалысын алып, зиянынан алыстап отырғанымыз абзал.

Нұргүл ҚОЖАХМЕТОВА,
журналистика мамандығының 2 курс
студенті





Күнделікті өмірде «селфи»сөзін жиі естейміз. Сонымен бұл сөз қайдан шыққан?

Селфи (ағылш. «selfie» – «өзі», «өзін» деген мағына береді), басқаша фотоавтопортрет – камера мен айнаның көмегі арқылы өз-өзін фотокамераға түсіру арқылы пайда болатын автопортреттің бір түрі. Алғаш бұл ұғым пайда болған кезде оны ешкім «селфи» деп атамаған. «Селфи» сөзі алғаш 2000 жылдың басында, содан кейін 2010 жылы танымал болды. Ал 2013 жылы бұл сөз жылдың ең үздік сөзіне ие болған. Селфи сөзінің пайда болуына келер болсақ, ол бізге Австралия елінен келген. 2002 жылы «АВС» арнасы бұл терминді бірінші болып қолданған болатын.

Бүгінде кішкентай балаларымыздан бастап үлкен кісілерімізге дейін Вконтакте, Инстаграм сияқты әлеуметтік желілерді қолданады. Қолымыз босай қалса болды сол желілерге сурет салуға дайын тұрамыз. Өңгіменің өзегіде осы «селфи». Бүгін де ол қоғам дертіне айналған. Олай айтудың да өз негізі бар. Селфилердің 30%-ы 18-24 жас аралығындағы жастарға тиесілі. Олар өз суреттерінің әдемі болуы үшін түрлі әрекеттерге де барып жатады. Енді мынадай мәлеметке назар салайық.

Өз суретіне үнемі көңілі толмайтын адамдар арасында өз-өзіне қол салатындар да баршылық.

Мысалы: Британдық Дэнни Боуман есімді жасөспірім 10 сағатта 200 рет селфиге түседі. Түсірген бір суреті де өзіне ұнамайды. Ақыры мектептен кетіп, алты ай үйінде жатып алады. Ол күйініштен өз-өзіне қол жұмсауға бел буады. Сондай-ақ Испанияда Триана көпірінің үстінде селфи жасаймын деп 23 жастағы Сильвия есімді қыз 4,5 метрге құлап түскен. Қатты соққыдан кейін жас қыз қайтыс болған. Мұндай оқиғалар өзіміздің елде де орын алып жатыр. Астанада осы жылдың сәуір айында селфи жасамақ болған ер адам Есіл өзеніне құлап, батып кеткен.

Ал сіз селфидің қай елде көп түсіретінін білесіз бе? «Селфиді» ұнататындардың отаны-Лондон екен. Ал екінші мен үшінші орынды Нью-Йорк пен Амстердам алып тұр. Біздің Қазақстанда селфиді ұнататындардың қатарына жатады.

Бүгінде селфиді жақсы көретін адамдарға арнайы монопод сияқты құрылғыларды ойлап шығарған. Сіз күнделікті өмірде қанша рет «селфи» жасайсыз?

Айдана АЙБЕКҚЫЗЫ,
журналистика факультетінің 2 курс
студенті



Бастауыш сынып және бала бақшадағы жаңартылған білім беру мазмұнының өзекті мәселелері

Жаңартылған білім беру бағдарламасының алға қойған мақсаты – оқу бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұны және мақсаттарымен танысып, педагогикалық тәсілдерді түсіне отырып қолдану, оқу мақсаттарына қол жеткізуде критериялды бағалау жүйесін тиімді пайдалану арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру.

Бүгінгі күні Қазақстандық білім беру жүйесіндегі жаңғырту мен инновациялық үдерістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі – мұғалімнің кәсіби шеберлігі. «Педагогтік шеберлік – дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі. Мұғалім шеберлігі жайлы жазылған дайын қағида жоқ, болуы да мүмкін емес. Мұғалімге тән ең бірінші қасиет – баланы құрметтеу. Оның адамшылық ар-ожданын, намысын, тұлғасын жасына қарамай сыйлау, құрмет тұту. Бұл мұғалімнің терең дүниетанымы мен үлкен жүрегінен

келіп шығады». Демек, білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», – деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Бұл жолда өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді.

Білімнің бастауы, қайнар көзі – мектеп болса, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы – бастауыш білім беру саласы екені баршамызға аян. Осы тұста Мұхтар Шаханов ағамыздың мына бір сөзі ойға оралады. «Бала жүрегі кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында үнемі сол кілт жүруі керек» дегендей, бастауыш сынып мұғалімі үнемі ізденісте болуы керек. Бүгінгі күні әлемдегі барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесіне ұмтылуда. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге

кабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал оның дамуы мемлекет азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан білім беру жүйесін болашақтың талабына сәйкес дамыту тиіс.

Қай кезде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін өзінің ұстаздық ғұмырын арнайтын мамандар ғана сапалы да, жемісті еңбек ете алады деп ойлаймын.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша түйінді дағдылар оқу жоспарында «спиральді» тәсілмен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Оқушы бойында әлеуметтік дағдылар, жалпы білімнің іргетасы, танымдық белсенділігі, жүйелі оқу әрекетінің қалыптасуына бастауыш сынып оқу бағдарламаларында көңіл бөлінген.

Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі.

Жаңа оқулықтарда берілген тапсырмалар мәтінді оқу, оның мазмұнын айтумен ғана шектелмей, мәтінге қатысты өзі сұрақтар құрастыруына, себебін анықтауына, болжам жасау мен өзіндік бағалауына, сұраққа жауап болатын ақпаратты дереккөздерден табу ретін білуіне, жаман мен жақсыны айыра білуіне жетелейді. Ертегіні сахналау барысында кейіпкерлердің көңіл-күйін анықтау, рөлге бөліп оқу оқушылардың қызығушылығын тудырды. Танқаларлығы, коммуникативтік тәсілдеме негізінде 1-сынып оқушыларының тіл ғылымына деген қызығушылығы артып, сөйлеу туралы, сөйлемнің сөзден, сөздің буыннан, буынның дыбыстан құралатынын, сөзге дыбыстық-буындық талдау жасауды жеңіл игеріп алуы.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы – баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз

жүргізіле отырып, оқушылармен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқужылы, орта білімдеңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын күдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп.

Сонымен қатар, бастауыш сыныптарға арналған оқу бағдарламаларының маңызды қағидаты білім беру бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады. Ол оқу бағдарламалары спиральді білім беру бағдарламасы (Джером Брунер) моделіне негізделген. Оның негізінде оқушылар келесі сыныпқа ауысқанда зерделенген материалдар мен білім қайталанып отырады деген тұжырым жатыр. Спиральді білім берудің негізгі ерекшелігі : әрбір қайталанып оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі; жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады; оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады; спиральді білім беру бағдарламасы жеңіл идеялардан күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді; оқушыларды соңғы оқу мақсатына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады. Бастауыш мектептің оқу бағдарламаларындағы өзгерістер: кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру болып табылады. Коммуникативті оқыту ұстанымы: тілдік дағдыларды дамыту. Төрт дағдыны ескере отырып Ж. Аймауытовтың «..бала әуелі тәжірибеге талпынып , нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін» деген сөзін еріксіз еске түсіреді.



**Гүлсім
ЕРМАҒАНБЕТОВА,
Ғ.Қайырбеков
атындағы №9 орта
мектептің бастауыш
сынып мұғалімі**

Бес саусақ бірдей емес, десе де, кей студенттер оқу бағдарламасы аясындағы тәжірибеден өту барысында өз істеріне бей-жай қарап жатады. Бұл дегеніміз үлкен қателік. Керісінше мұндай мүмкіндік берілген сәтті барынша тиімді пайдаланып қалу қажет. Сонда ғана өз біліміңіз бен біліктілігіңізді, құлшынысыңыз бен шеберлігіңізді арттыра аласыз. Мысалға, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай Мемлекеттік Университетінің «Шетел филологиясы» мамандығының екінші курс магистранты О. Өтегұловтың тағылымдамадан қалай өткенін қарап көріңізші. Мүмкін оқырманға ой салар...

ЕНУ – да өткен күндерім.

Уақыт шіркін зымырап өткен сайын заман ағымы да өзгеріп, талаптары да қатандай түседі. Заман талабына сай болу әрбір өркениетті тіршілік иесінің азаматтық парызы. Бүгінгі таңдағы сондай заман талаптарының бірі – магистратура бітіру. Осыны түсінгендіктен де болар жылдан жылға магистратураға түсушілердің де қатары артып келеді. Алайда барлығына бірдей мемлекеттік грант бұйыра бермейді. Грант бұйырмағандарына ақылы негізде оқуға тура келеді.

Магистратураға түскен соң екінші курста ғылыми диссертация жазуға материалдар жинау мақсатымен өзге университеттерге бір апталық тағлымдамаға жібереді. Бұрындары тек шет елдерден ғана өтуге рұқсат етілсе, қазірде еліміздегі жоғарғы оқу орындарынан да өтуге рұқсат етілген. Осы мүмкіндікті пайдаланған мен Астана қаласындағы Л.Н.Гумелев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінен өтуге шешім қабылдадым. Мұның да бірнеше себептері бар: біріншіден, шетелге шығып тәжірибеден өту өте қымбатқа шығады. Әрине, мемлекеттік грантпен оқитындардың шығынын университет көтерсе, ақылы негізде білім алатындар барлық шығынды өз қалталарынан төлейді. Екіншіден, қазақ тобында оқитындар үшін өзге елдің университеттерінің базасынан өз тілінде материалдар жинау мүмкін емес. Қажетті деген материалдарды өзге тілде тауып, оны келген соң қазақ тіліне аударып отыру жұмысты көбейтпесе азайтпайды. Ал Еуразия Ұлттық Университетінің базасы жақсы жабдықталған. Ол жерден қазақ тілінде көптеген материалдар табуға болады. Үшіншіден, мұнда елімізге танымал көптеген маңдайалды профессорлар, оқытушылар, білікті мамандар жұмыс істейді. Олардан көптеген құнды ақыл-кеңестер алуға болады. Осы сияқты көптеген факторларды басшылыққа ала отырып, 2017 – жылдың 20 қарашасы күні Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Филология факультеті, Шетел филологиясы кафедрасына ғылыми тағлымдамаға келдім. Келген кезде мені кафедра жетекшісі ф.ғ.д., профессор А.Е.Біккенова қарсы алып, кафедра жұмысымен, ғылыми бағытымен және кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамымен таныстырды. Сондай-ақ маған негізгі ғылыми жетекшіні бекітіп, ғылыми тағлымдама жоспарын берді. Әрі қарай осы жоспарға сәйкес әрекет еттім. Сол күні университеттің кітапханасынан және Отырар кітапханасынан тіркеуден өтіп, қажетті кітаптарды, журналдарды алып, материалдар жинай бастадым.

21 қараша күні профессор Г.К.Сәрсекееваның «Фран-

цуз тілі» мамандығының екінші курс студенттеріне өткізген сабағына қатыстым. Сабақ француз тілінде болды. Сол күні кафедраның PhD докторы Ж.Е. Бекжановның 4 курс, ИФА-42 тобыда өткізген сабағына да қатысып үлгерген болатынымын. Пәннің аты: «Интерпретация худ.текста». Сабақтың тақырыбы: «Setting time and analysis of a literary text. Functions». Екі оқытушының да сабағы жоғарғы деңгейде өтті және маған қатты ұнады.

Тағылымдамадан өту барысында ф.ғ.д., профессор А.Е.Біккеновадан диссертация тақырыбына қатысты ғылыми кеңестер мен нұсқаулар алдым. Ол кісі «концепт» пен «ұғымның» айырмасын түсіндірді. Қазақ, ағылшын, француз лингвомәдениеттанымдындағы «Отан» концептін анықтау үшін әр халықтан 200 мақал-мәтелден, жалпы саны 600 мақал-мәтел алып, олардың ішінен етістіктерін бір бөлек, зат есімдерін бір бөлек, сын есімдерін бір бөлек бөліп алып, соларды салыстыра отырып жұмыс істеу керектігін айтты. Профессор А.Е.Біккенованың нұсқауымен қаралған кітаптардың тізіміне келер болсақ: «Современные направления лингвистической науки», Эльмира Оразалиеваның «Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы», Бибайша Нұрәулетованың «Когнитивтік лингвистика», Гүлнар Мұратовның «Абай тілінің лингвокогнитивтік деңгейі» және «Көркем мәтінде лингвистикалық талдау» еңбегі, әртүрлі конференция жинақтары мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің ХАБАРШЫСЫ ғылыми журналдары, т.б. Сол күні таңертең «Қытай филологиясы» кафедрасының ұйымдастырған іс-шарасына қатыстым. Іс-шараның ашылу рәсімінде Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі, Пекин Палас қонақ үйінің дикторы т.б. көптеген қонақтар келіп сөз сөйледі. Салтанатты іс-шараның арты концертке ұласты. Қытай тілін түсінбесем де концерт мен үшін қызықты болды. Сол күні сағат 15.10 – 17.00 аралығында «Француз тілі» мамандығының студенттері және француз тілі пәнінің оқытушысымен бірге Патриса Каррез ханымның сабағына қатыстым. Сабақ француз тілінде өтті. Сабақ «Сән үлгілері» туралы болды. Екінші сабақта бізге Париж қаласының метросының картасын беріп, сол бойынша әртүрлі тапсырмаларды орындадық. Сабақ барысында біз әртүрлі локацияларды тауып, Мадам Каррез оларға қалай жетуге болатыны жөнінде және Париж қаласы туралы әңгімелеп, біраз қызықты жайт-термен бөлісті.



«Philological & literary methods of Investigation» аталатын пәннен «Шетел филологиясы» мамандығының 2 курс магистранттарына ф.ғ.к., доцент Ә.М.Аязбаева сабақ береді екен. Бұл сабаққа да қатысудың мүмкіндігін иелендім. Сабақтың тақырыбы: «Linguistic methods of investigation that students use in their research work». Магистранттар өздерінің зерттеу жұмыстарында қолданған әдіс-тәсілдері туралы баяндады. Бірінші болып сөз алған магистрант Нұргүл Ибраева өзінің зерттеу жұмысында қолданған тәсілдеріне кеңінен тоқталып, ұзақ әрі мазмұнды баяндама жасады. Кейін сөз алған өзге де магистранттар: Гүлмира Мұқанова, Салтанат Базарбекова, Арайлым Бектұрова және Медет Уахитовтар да өз зерттеу жұмыстарында қолданған әдіс-тәсілдеріне кеңірек тоқталып өтті. Солардың ішінде маған қатты ұнағаны Нұргүл Ибраеваның жасаған баяндамасы. Ф.ғ.к., доцент Ә.М.Аязбаеваның сабағына дейін және кейін ф.ғ.д., профессор К.К.Дүйсековадан диссертация тақырыбына қатысты ақыл-кеңестер алып, қалған уақытымды университет кітапханасының филология оқу залында өткіздім. Профессор К.К.Дүйсекова ханым әуелі мені өзінің когнитивтік лингвистика саласында жазған мақалаларымен таныстырып, содан соң диссертацияның жоспарын түзетіп, қайта құруға көмектесті. Сондай-ақ ол кісі маған қазақ тілінде көптеген материалдар берді.

25 қараша күні ғылыми тағлымдама нәтижесі бойынша жазбаша есепті дайындап, университет кітапханасында және Ұлттық кітапханада материалдар жинаумен айналыстым. Осы күні оқу залында

ЕҰУ-нің докторанты, бұрынғы оқытушым Гүлмира Сержанқызы Дәулетқалиеваны кездейсоқ кездестіріп қалып, ол кісіден де ғылыми жұмыс жазуға қатысты біраз ақыл-кеңестер алдым. Ол кісі маған Лакофтың және Маслованың кітаптарын оқуға кеңес берді және аталған кітаптардың электронды нұсқаларын берді.

P.S. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетіндегі 20.11.2017 – 27.11.2017 аралығында өткен ғылыми тағымдама жоғары дәрежеде және жоспарға сай өтті. Бекітілген жоспар 100% толық орындалды. Магистрлік диссертацияма қатысты құнды ақыл-кеңестер мен қажетті материалдар жинадым. Арасында уақыт тауып университетте өткен Жұбаныш Жексенұлының шығармашылық кешіне қатыстым. Университеттің бас ғимаратында орналасқан мұражайларды тамашаладым. Орган концертін мен Астанадағы Француз Альянсында Патриса Каррездің өткізген дөңгелек үстеліне қатыстым және университет кітапханасында Төлен Әбдіқовтың «Парасат майданы» шығармасын оқып үлгердім. Жалпы алғанда сапарым сәтті аяқталды деп айтуға болады. Қолдарынан келген көмегін аянып қалмаған «Шетел филология» кафедрасының ұжымына және оның жетекшісі А.Е. Біжкенова ханымға алғысым шексіз.

О.Ж. ӨТЕҒҰЛОВ

Ахмет Байтұрсынов атындағы
Қостанай Мемлекеттік Университеті,
«Шетел филологиясы» мамандығының
екінші курс магистранты

Әлемде талай қызық бар...

Жер бетінде бір таңғажайып тайпа өмір сүреді. Таңғажайып деп отырған себебім тегін емес, өйткені ол халық ауру-сырқаудың не екенін білмейді. Ұзақ жасайды. Олар Үндістанның теріскейінде, климаты қатал таулы аймақта өмір сүреді. Хунза өзенінің бойын бойлап, Үндістанның солтүстігінің ең түкпіріндегі Гилгита қаласынан 100 шақырым жерде (Джамму, Кашмир штаты) тіршілік етеді және өздерін хунзақұттармыз деп атайды. Хунзалар туралы Еуропа жұртшылығына алғаш рет XX ғасырдың басында дарынды әскери дәрігер Мак Каррисон мәлімет таратқан.

Ол жақта өмір сүретін тайпалардың асып бара жатқан денсаулығы жоқ көрінеді, бірақ дәрігер Мак Каррисонның жазуынша, ол өзі жұмыс істеген 14 жылдың ішінде бірде-бір дертті хунзақұтты кездестірмеген. Олар тіпті тіс ауруының не екенін білмейді, көз жанарының әлсіреуі деген түсінік мүлде жоқ. 1963 жылы тайпа басшылығының рұқсатын алған француз экспедициясы хунзақұттарға санақ жүргізеді. Сол санақта олардың орташа өмір сүру ұзақтығы 120 жыл екені анықталды. Хунзақұттар 160 жасқа дейін өмір сүреді, әйелдері егде жаста да бала туу қабілеттерін жоймайды. Дәрігерлерге қаралмайды, тіпті ол жақта қаралатын дәрігер де жоқ.

Хунзақұттарды зерттеген еуропалықтардың бөрінің жазуына қарағанда олардың қоңсыларынан ерекшелігі – жейтін тағамдарында. Негізінен тұтынатыны – ешқандай қоспа қосылмаған бидай ұнынан пісірілетін таба нан мен жеміс. Нақты айтқанда өрікке өте құмар халық. Қыс бойы және көктем айларында әлгі екі тағамнан өзге ешнәрсе тұтынбайды. Өйткені тұтынатын ештеңе де жоқ. Күнұзаққа аузына бидай мен өріктің бірнеше дәнегін салып жүреді, міне бұл олардың тәуліктік тағамы. Бұл халыққа оптимизм, сабырлылық, өзіл-қалжың және қонақжайлылық тән. Елді король және ақсақалдар кеңесі басқарады. Бұларда полиция да, түрме де жоқ. Хунзалықтардың қоғамында тәртіп бұзатын адам, қылмыскер атымен кезікпейді. Қарттыққа жеткендер әсіресе ұзақ өмір сүргендер ерекше құрметке ие. Бір қызығы, қартайғанда ақылынан адасу, кәріліктен қауіп қалу бұл ұлтқа тән емес, ондайларды тіпті іздесең де таппайсың.

Ауырмай-сырқамай өзіңді бақытты сезініп 150-160 жыл ғұмыр көшсең одан артық қандай қуаныш, қандай шаттық керек? Құдай шын мәнісінде өзінің уысында, таудың қуысында өмір сүретін хунзалықтарды неге ерекше етіп жаратты?

Ғалымдардың жазуынша көрші ұлт пен ұлыстарға қарағанда хунзақұттардың түр-сипаты еуропалықтарға ұқсайды.

Нағыз таулық деп осы хунзақұттарды айту керек. Өйткені олар «таулар түйісетін жер» төңірегінде өмір

сүрмей ме? Анығында, заңғар әлемнің аса биік үш жүйесі: Гималай, Гиндикуш және Қараұорымның ең биік шыңдары түйісетін тұсының маңы осы хунзалықтарға бұйырған. Жер шарындағы 8000 м биіктіктегі 14 шыңның бесеуі осы маңда. Атақты Эверест шыңынан кейінгі К2 (8611) шыңы да осында. Альпинисттер әйгілі Джомолунгма құзын бағындырғаннан гөрі К2 шыңына шығу әлдеқайда күрделі екенін біледі. Ал атақты «ажал құзы» Нанга-Парбат (8126) шыңына шығу жолында қаншама тауқұмар жандай құрбан болды десеңізші... Демек әлем деңгейіндегі спортшы болмайынша осынау биік шың-құздарды маңайлай алмасың анық. Ал осы құздарда бұл дүние есігін ашқаннан о дүниеге аттанғанша ғұмыр кешетін хунзалықтардың қандай жаны сірі, мықты екендігін осыдан-ақ шамалай беріңіз...

Тағы бір деректерде хунзаны батысқа Азиядан әділдік пен экзотика іздеген сәнқойлар танытты деген де әңгіме бар. Сәнқойлардың әйгілегені сонша – осы күні америкалықтар өрікті көрсе Hunza Apricotтейді екен. Қонақжай Хунзаның туристтерді еліктіретін тағы бір кереметі – биік таудың музарт шыңынан ылдифа қарай құлайтын көшпе мұзы. Оны жағалай жұрт картоп, көкөніс, қарасора егеді. Мұнда қарасораны шегіп қана қоймай, тамаққа дәмдеуіш ретінде де қолданады.

Ұзын шашты, жейделерінде Hippie waудеген жазуы бар жастар шын мәнінде сәнқойлар ма жоқ әлде ретроны жақсы көрушілер ме, ол жағы өздеріне аян. Мұнда, өріктің бірнеше түрі, әсіресе дәмі иіл үйретін «хан тұқымы» өседі. Осы күні дәрігерлер өрік құрамынан онкологиялық дерттерге қарсы тұратын дәрумендерді табуы да көп нәрсені аңғартса керек...

Олар 15 градус суықта мұздай суға шомыла береді. 100 жасқа дейін түрлі қимыл-қозғалысқа толы ойындарды ойнайды. 40 жастағы әйелдері қыздай, 6 жасқа дейін пошымы бұзылмайды, тіпті 65 жасында бала да туады. Жазда жеміс-жидек жесе, қыста дәннің өскінімен, қойдың ірімшігімен тамақтанады.

Шотландық дәрігер Мак Каррисон хунзалықтардың ұзақ өмір сүруін дұрыс тамақтанудан, диетадан деп біледі. Хунзалықтардың көршілеріне қарағанда екі есе ұзақ ғұмыр кешетіндерін, ауырмай-сырқамай ғасырдан да ұзақ жасайтындарын, әйелдері 60-65-інде бала туатынын ескерсек, бұл тек дұрыс тамақтану нәтижесі ғана емес екені байқалады. Бұл адамзаттың ерекше қабілетке ие екенінен хабар береді. Демек, адам жанын зерттеуге адамның миы әлі толық жеткен жоқ.

**Сабыржан НҰРСҰЛТАН,
Жанкелдин ауданы
Қызбел ауылы**

**М.Дулатов атындағы орта мектептің
оқушысы**

Ветеринариялық санитария дәрігерімін

«Қазақстан 2050» стратегиясы 2012 жылы 14 желтоқсан күні президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2050 жылға дейінгі даму бағдарламасын жариялады. Бұл стратегияда ауыл шаруашылығын жеке бөліп оның ішінде ветеринария ғылымының маңызын атап өтті.

Мен Сымбат Әсетұллақызы Қасым, 2015 жылы Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің «Ветеринариялық санитария» мамандығының мемлекеттік грант иегері атанып оқуға түстім. Қазіргі таңда А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алудамын.

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті ветеринария саласы бойынша қосар үлесі зор. Себебі университет жаңа технологиялармен қамтамасыз етілген және де университет карамағында клиника мен лабораториясы бар. Бұл университетте білікті мамандар профессорлар, PhD докторлар сабақ береді. Студенттердің жан-жақты білім алу мақсатында ветеринариялық

және мал шаруашылық технологиясы факультетінде жыл сайын «Ветеринария саласындағы инновациялық жаңалықтар» интеллектуалды сайысы өтеді. Сайыс арқылы студенттер ветеринария саласы бойынша әлемдік жетістіктерімен таныстырады.

Осында келу арқылы жаңа достар, жаңа тәжірибе, жаңа оқу үрдісін арттырудамын. Маған осындай мүмкіндік берген Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетіне алғысым шексіз.

Болашақта ветеринария маманы болатынымды мақтанышпен айта аламын. Себебі, ветеринария саласы заманға сай дамуда және ветеринариялық санитариялық дәрігер еліміз үшін аса қажет қызмет саласы. Ветеринариялық санитариялық сараптаудан өткізген сапалы өнім ғана адам денсаулығының кепілі бола алады. Ветеринариялық санитариялық дәрігердің бүгіні мен ертеңі жарқын. Біздің болашағымыз өз қолымызда!



Сымбат ҚАСЫМ,
А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университетінің 3 курс студенті

Мамандығым – мақтанышым

Адам баласы дүние есігін ашқан күннен бастап, өзінің бойындағы барлық сүйіспеншілік, мейірім атаулы қасиеттердің барлығын ана махаббаты арқылы бойына сіңіреді. Өзін қоршаған әлемді және ондағы адамдарды жақсы тани бастайды. Адам баласы өз бойындағы жақсы-жаман қасиеттерің, қоршаған әлемнің күдіретін, ондағы өзгерістерді ажырата білетін уақытқа жеткенде, өмірінің келесі кезеңі, тұлға болып қалыптасу барысындағы ерекше тандау - өзі ұғынып, түсіне алатын, келешекте өзіне де, еліне де пайдасы тиетін, келешегі мол мамандық тандау.

Мамандық тандау кейбіреулер үшін жай ғана өмірде өз нәпақасын табу болса, ал біреулер үшін сүйіп атқаратын жұмысы. Мамандық таңдағанда міндетті түрде атақ-абыройға, мансапқа, мол қаражатқа кеңелтетін мамандықтарды тандау міндетті емес. Таңдаған мамандығы арқылы адамның қандай дәрежеде ойлай алатынын, оның өмірге деген көзқарасын анықтауға болады. Мамандықты дұрыс таңдау арқылы өзіңнің келешекте қандай тұлға болып қалыптасатынының анықтай аласың.

Менің таңдаған мамандығым – ол менің келешекке деген биік мақсат-армандарымды орындай алатын, елімізге әлеуметтік-экономикалық жағынан да өз пайдасын тигізетін қол жетімді мамандықтың бірі. Мен бұл мамандыққа кездейсоқ қызығушылық таныту арқылы келдім. Мектепті тәмәмдап, енді ғана жаңа өмірге аяқ басар шағымда, маған мамандық таңдау қиынға соқты. Өйткені, мамандық таңдау арқылы мен өз болашағымды анықтайтынымды сезіндім.

Менің таңдауым белгілі мамандықтар ішінде – өңдеу өндірісінің технологиясы мамандығына түсті. Бұл мамандықтың өзгелерден ерекшелігі – оқыған барлық материалды тәжірибе жүзінде көріп, оны анығырақ түсіну болды.

Колледж қабырғасында білім алған кезде бұл мамандықтың қаншалықты еліміз үшін маңызды екендігін түсінбеген болатынымын. Өз білімімді жоғарылату мақсатында А.Байтұрсынов атындағы Қостанай Мемлекеттік Университетіне келіп түскенде ғана, өз мамандығымның қыр-сырымен таныса бастадым. Қызықты мәліметтер мен орасан зор жаңалықтарға толы бұл мамандық маған келешегімнің қаншалықты жарқын болатынын көрсетті.

Ал енді өз мамандығым жайлы толығырақ мәлімет бере кетсе. Бұл мамандықты игеру арқылы химик-технолог дәрежесін алып шығуға болады. Өзіміз тұтынып жүрген астықты өнімдер мен үн өнімдерінің құрылысы мен шығу технологиясын білгенде, мен осы мамандықты таңдау арқылы дұрыс таңдау жасағанымға қатты қуандым. Әртүрлі кәсіпорындарға барып, ондағы технологиялармен танысқанда қызығушылығым арта түсті.

Өңдеу өндірісінің технологиясы мамандығы бакалаврының кәсіби қызмет пәндеріне дәндік және жармалық дақылдар, ұн, жарма, нан, макарон және кондитерлік өнімдер, қант, крахмал, сірне, крахмалды шырындар, модифицирленген крахмалдар, декстриндер, жүзім, құлмақ, уыт, сыра, шарап, коньяк және басқа компоненттер, сонымен қатар астықты дайындау және

сақтау, үн зауыты, жарма зауыты, құрама жем зауыты, нан зауыты, макарон және кондитер фабрикалары, қант және крахмалсірне зауыттары, ашыту және шарап жасау кәсіпорындарының технологиялық жабдықтары жатады. Жоғарыда көрсетілген барлық шикізаттар адам өмірі үшін өте қажет болып табылады. Сондай аса қажетті өнімдерді өңдеу, оларды зерттеу ол өте қызық, әрі қиын. Мен осындай қызықты мамандықты игеріп жатқанымға Елбасымыздың аса жоғары жобаларының бірі «Серпін-2050» бағдарламасы көмектесті. Бұл бағдарламаның арқасында өз мамандығымды игеру арқылы, жарқын келешекке деген сенімге толы болашақтың есігі ашылды. Туған жерімізден алыста, енді ғана танып-біліп жатқан - Қостанай маған өзінің сұлулығымен, жанға жайлы ауа-райы, қол жетімді шикізат көздері арқылы ұнап келе жатыр. «Серпін-2050» бағдарламасы аясында білім алып жатқан әрбір студентке ерекше көңіл бөлінеді. Шалғайда білім алып жатқан біздер, туған жерді сағынсақ та, осы бағдарлама арқылы көптеген мамандықтарды көрдік.

Маған өзім білім алып жатқан оқу орны білім беру базасымен барлық жағдайда көмек сұрап, не болмаса әр түрлі сұрақтармен барған әр бір студентке көмек қолын созу арқылы менің үлкен отбасыма айналды. Мен де сол отбасының бір мүшесі ретінде келешекте өз мамандығымның иесі болу арқылы өз пайдамды тигізгім келеді. Мен секілді «Серпін-2050 бағдарламасымен білім алып жатқан әрбір студент ең бірінші Елбасының келесі кезекте оқу орнының артып отырған сенімін барынша жан дүниесімен ұғынып түсінеді деп ойлаймын. Ғажайып бағдарлама аса зор мүмкіндіктерге, жарқын болашаққа жетелейтін, талаптары мен міндеттері жоғары бағдарлама. Ел экономикасы үшін қажет мамандықтарды оқыту ел басының көрегенділігінің арқасы.

Менің осы мамандықты игеру барысында ұсынатын бір ғана ұсынысым – оқу орнына дуалды оқу жүйесін енгізу. Мамандыққа байланысты арнайы сабақтарды оқып қана қоймай, сол сабақтардан соң, өткен жаңа сабақты тәжірибе жүзінде жүзеге асыру. Оқу бағдарламасы бойынша арнайы оқу практикасы араға бірнеше уақыт салу арқылы жүзеге асады, ол кезде студент оқыған барлық материалын ұмытып қалуы әбден мүмкін. Дуалды оқу жүйесі енетін болса, таңертең оқыған сабақты түстен соң тәжірибе жүзінде көрсе, өткен бағдарламаны ұмыту мүмкін болмайды. Менің ұсынатын ойым мамандық бойынша өтетін пәндер арнайы зертханаларда, не болмаса, кәсіпорындарда, белгілі бір зауыттарда өту. Ұсынған ұсынысым дұрыс шешімін табады деген ойдамын.

Мен өз мамандығымды дұрыс таңдағанымға кәміл сенімдемін. Осы мамандықтың қыр-сырын ұғып түсіну үшін, білікті маман иесі атану үшін, бойымдағы бар күш-жігерімді жұмсап, алға қойған мақсатыма жетуге тырысамын. Жауапкершілігі толы бағдарлама аясында білім алып жатқандықтан, жұмыссыз маман атанудан қорықпаймын. Мамандығым – менің өмірлік мақтанышыма айналады деп сеніммен айта аламын.

Малика БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,
ҚМУ-дың АБФ 3 курс студент